# SARYARQA

7 tamyz
2020 jyl

Saryarqa.info

ЖЕЗҚАЗҒАН АЙМАҚТЫҚ ГАЗЕТІ • 1973 ЖЫЛҒЫ 13 СӘУІРДЕН ШЫҒАДЫ

№28 (8192)



KÚN TÁRTІBІ
ҚАРАҒАНДЫ КОМПАНИЯЛАРЫ ІТ - МАМАНДАРЫН ІЗДЕУДЕ 2-бет

AINA
ҚАРҚЫНДЫ ЖОБАЛАР ҚОЛҒА АЛЫНУДА 3-бет

ZERDE
ШЕЖІРЕЛІ ӨЛКЕДЕГІ ШЕГІР БИ ТӨРЕЛІГІ 4-бет

RESMI
ҚАҒИДАҒА ӨЗГЕРІС ЕНДІ 6-бет


МӘЖІЛІС ДЕПУТАТЫНЫҢ ЖҰМЫС САПАРЫ

# ХАЛЫҚ ҚАЛАУЛЫСЫ АУРУХАНАДАҒЫ АХУАЛМЕН ТАНЫСТЫ

***Қазақстан Республикасы Парламент Мәжілісінің депутаты Арман Қожахметов өткен аптада аймағымызда жұмыс сапарымен болып қайтты. Жұма күні қала әкімдігінде жиын өткізіп, артынша көпбейінді аурухана мен Ө.Байқоңыров атындағы Жезқазған университетінің жатақханасы базасында ұйымдастырылған провизорлық, инфекциялық орталықтардың жұмысымен танысып, «Медициналық орталық» ЖШС-ға да бас сұқты.***



Естеріңізде болса, шілденің басынан бері Жезқазғанда коронавирус инфекциясын жұқтырғандар мен пневмонияға шалдыққандар саны күрт көбейіп, науқастар арасындағы өлім-жітімге байланысты медицина мекемелері біраз сынға ұшыраған еді. Мәжіліс депутатына есеп берген қала басшылығы бүгінде жағдайдың біршама тұрақталғанын, науқастар саны да азайғанын баяндады.

Жағдайды өз көзімен көріп, білмек болған Мәжіліс депутаты әкімдіктен соң бірден көпбейінді ауруханаға атбасын бұрды.

Депутатқа жалпы жағдай жөнінде аурухана басшысы Орал Мазитов баяндады. Айтуынша, шілденің орта тұсында жағдай күрт қиындап, екі аптаға жетер-жетпес мерзімде осы жерде 350 орындық провизорлық бөлімше жасақтауға тура келген. Ауруханада 317 адам жатқан, бір күнде 80 науқас түскен кездер де болыпты. Аурухананың материалдық базасы да күннен күнге нығайып келе жатқан көрінеді.

►►2-бетте

ӘКІМ САҒАТЫ

***Әдеттегідей қала басшысы Қайрат Бегімов «Инстаграм» әлеуметтік желісіндегі жезқазғандықтармен тікелей байланысқа шықты. Осылайша, әкіммен онлайн-кездесуге шыққан 200-ге тарта азамат өзін толғандырған сұрақтарға жауап алу мүмкіндігіне ие болды.***

# ЕЛДІҢ ШАҒЫМЫ НАЗАРДАН ТЫС ҚАЛМАДЫ



Желіге қосылған қала тұрғындарының басым көпшілігі коммуналдық сала қызметіне көңілі толмайтындарын ашық жеткізді. Бірі ыстық судың, енді бірі суық судың жоқтығына шағым айтса, сапасы сын көтермейтін жолдардың, «қазба» жұмыстарын жүргізгеннен кейін соңынан реттеп кетуді білмейтін жылумен, сумен жабдықтау кәсіпорнының жырын жырлағандар да көп. Халық арасында «Билайн қоңыз» аталып кеткен қоңыз да жезқазғандықтардың ығырын әбден шығарғандай. Неге десеңіздер, эфир кезінде «Неге уақытында дизенфекция жасамайсыздар» деп бір ғана осы мәселеге байланысты әкімге сын айтқандардың саны оннан асты. Жасыл желектерді жапырақсыз қалдырып, «жалаңаштырған» құрттарды да дер кезінде уламағанын бетке басқан тұрғындар қаланың, Кеңгір жағалауының тазалығын да ұмыт қалдырмады. Тұрғын үй кезегіне тұрғандар да төбе көрсетіп, «қашан баспаналы боламыз» деп сұрады. Жас отбасыларды да осы мәселе алаңдатты.

– Тұрғын үй құрылысы бұған дейін тұралап қалғанын білесіздер. Қазір қарқын ала бастағанмен, біз бір-екі жылдың ішінде тұрғын үй кезегіне тұрған мыңдаған тұрғынды үймен қамтамасыз ете алмаймыз. Биыл екі жалдамалы және екі кредиттік тұрғын үйдің құрылысы басталды. Тұрғын үйді үлестіру кезінде бірінші кезекте жетім балаларға беріледі. 2018 жылы осы санаттағы 6 тұрғын пәтерлі болды. Баспана кезекпен ғана беріледі, оны да ұғынуларыңызды сұраймын, – деген Қайрат Баяндыұлы жас отбасылар мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде «Тұрғын үй құрылыс банкі» арқылы баспаналы бола алатынын жеткізді.

Өз міндеттерін тиісінше орындамайтын пәтер иелері кооперативінің мәселесін көтерген тұрғындар балалар ойын алаңқайы қажет деп жарыса жазды. Биыл Жезқазғанда небәрі 10 алаң орнатылғанын жеткізген Қайрат Бегімов 2021 жылы 50 ойын алаңын орнатуға әуде етті. Тікелей эфир кезінде қоғамдық орындарда карантин талаптары орындалмайтынын айтып дабыл қаққан белсенділер де табылды. Парктер мен қала көшелерінде маска кимейтін тұрғындармен, сондай-ақ «Шаруа» базарының маңында «жабайы саудамен» айналысып отырған саяжайшылармен тәртіп сақшылары түсіндірме жұмыстарын жүргізіп жатқанын тілге тиек еткен әкім алда тәртіпке бағынбағандарға айыппұл кесілетінін айтты.

►►3-бетте




# ГАЗ ЖАҒАТЫН КҮН ЖАҚЫН

***«Nur Otan» партиясы Жезқазған қалалық филиалының мониторинг тобы «Сарыарқа» магистральды газ құбырынан Жезқазған қаласына газ тарату желілерінің құрылысымен танысты.***



Құрамында «Nur Otan» партиясы Саяси кеңесінің мүшесі, Қарағанды облыстық мәслихатының депутаты Бекзат Алтынбеков, «Nur Otan» партиясы Жезқазған қалалық филиалы төрағасының Бірінші орынбасары Сәкен Смағұлов, партиялық бақылау комиссиясының мүшелері Ақансері Сүлейменов, Абай Бағчай, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі қоғамдық кеңес мүшесі Дархан Мұхан бар мониторинг топ мүшелері газ желілері тартылған Талап ауылы мен Жезқазған қаласы Пристанционный елді-мекенінде болды.

Елбасының бес әлеуметтік бастамасы аясында Қызылордадан Нұр-Сұлтан қаласына тартылған «Сарыарқа» магистральды газ құбыры бойынан Жезқазған аймағын газбен қамту мақсатында автоматты газ тарату стансасы (АГТС) салынғаны белгілі. Бүгінде бұл стансаның жұмысын «Интергаз Орталық Азия» АҚ Жезқазған желілік-өндірістік басқармасы қамтамасыз етеді. Басқарма бұл стансадан бөлек магистральды газ құбырының Қызылорда облысы шекарасынан Жәйрем елді-мекеніне дейінгі бөлігіне де қызмет көрсетеді.

Қазір стансадағы барлық қондырғылар қалаға газ жіберуге дайын. Барлық тексерулер өтті. Қалаға тартылып жатқан құбырлар толық аяқталып, дайын болғанда біз газ жібереміз. Қазір магистральды құбырдан газ келіп тұр. Бұл АГТС-те табиғи газды тазалау, жылыту, қысымды түсіру, есептеу, одаризациялау процесі жүреді. Мұның барлығын біз тексеріп, дайындап қойдық, – дейді «Интергаз Орталық Азия» АҚ Жезқазған желілік-өндірістік басқармасының басшысы Алдияр Абшекенов.

Стансада штат бойынша барлығы 19 адам істейді. Жұмыс негізінен вахта әдісімен ұйымдастырылады. Тұрақты 6 адам жұмыс істейді, оның ішінде 4 оператор жергілікті тұрғын. Вахтамен істейтіндерге Талап ауылынан бір үй жалға алынып, тұрмыстық жағдай жасалған.

Естеріңізде болса, АГТС-тен Талап ауылы мен Жезқазған қаласына газ құбырын тарту былтыр басталған болатын. Бұл 4 қосылу кезеңінен тұратын ауқымды жобаның бірінші сатысы еді. Былтыр мердігер компания «Әлия-Сервис» ЖШС бірінші кезеңнің бірінші қосылу кезегіне сай газ тарату стансасынан Жезқазғанға кіреберіске дейін және Талап ауылына газ құбырын тартты. Сондай-ақ, Талап ауылындағы 154 үйдің алдына газ жеткізілген болатын. Биыл вокзал маңындағы 286 үйге газ құбыры тартылды. Жоба жұмысына төменгі, орташа, жоғары қысымдағы газ желілерін тарту, газ тарату пункттерін, әр абонентке есептеу құралдарын орнату кіреді.

Бүгінде мердігер компания тартылған құбырларды ауа қысымымен сынап болып, құбыр бойына белгілер орнатып, көшелердегі газ тарату пункттерінің айналасын абаттандырып жатыр.





Мына жұмыстар қыркүйекке дейін толық аяқталады. 15 тамыздан бастап қызмет көрсетуші мекеме келіп, жұмысын бастайды. Жылу беру маусымына дейін тұрғындар қызмет көрсетуші мекемеден техникалық шартты алып, газ жаға алады, – дейді қала әкімінің орынбасары Қайрат Бапанов.

Енді Жезқазғанда «ҚазТрансГаз Аймақ» компаниясының қызмет көрсетуші филиалы құрылып, тұрғындар сол мекемемен келісім шарт негізінде үйіне газ қоса алады.

Бұл – шыны керек ешкімнің ойына келмеген жағдай. Жезқазғанға газ келеді деген үш ұйықтасақ түсімізге кірмейтін еді. Елбасының бастамасымен магистральды құбыр тартылып, көгілдір отынның игілігін көргелі отырмыз. Бұл экология мәселесін шешіп қана қоймай, тұрғындар мен бизнеске де қолайлы жағдай туғызады, – дейді Қарағанды облыстық мәслихатының депутаты Бекзат Алтынбеков.

Келесі жылы бірінші қосылу кезеңінің екінші кезегіне сай Геология елді-мекеніндегі үйлерге газ тартылатын болады.

**Жомарт ТАЙМАС**

## SARYARQA-АҚПАРАТ

### Ералы ТОҒЖАНОВ «СҚ-ФАРМАЦИЯҒА» ЕКІ АЙЛЫҚ ДӘРІ-ДӘРМЕК ҚОРЫН ҚҰРУДЫ ТАПСЫРДЫ

***ҚР Премьер-Министрінің орынбасары Ералы Тоғжанов «СҚ-Фармация» ЖШС басшылығына коронавирустың екі айлық дәрі-дәрмек қорын қамтамасыз етуді тапсырды.***

Сейсенбі күні ҚР Премьер-Министрінің орынбасары Ералы Тоғжановтың төрағалығымен Ведомствоаралық комиссияның отырысы өтті. Отырыста «СҚ-Фармация» ЖШС басшылығының есебі тыңдалды, онда стационарлардағы дәрілік заттардың бір айлық қоры туралы баяндалды. Премьер-Министрдің орынбасары COVID-19 емдеу үшін екі айлық дәрі-дәрмек қорын қамтамасыз етуді, сондай-ақ азаматтарды үйде емдеу үшін қажетті қор құруды тапсырды.

### ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУДЫҢ ЖОЛ КАРТАСЫ АЯСЫНДА 154 МЫҢ ЖҰМЫС ОРНЫ ҚҰРЫЛДЫ

***Жұмыспен қамтудың 2020-2021 жылдарға арналған жол картасы аясында 6 373 жобаны іске асыру басталып, олар бойынша 154 мың жұмыс орны құрылды, – деп хабарлайды Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің баспасөз қызметі.***

ЖҚЖК аясында жергілікті атқарушы органдар іске асыру үшін 6 762 жобаны іріктеп алды.

ЖҚЖК инфрақұрылымдық жобаларын іске асыру 4 негізгі бағыт бойынша өтеді:

– әлеуметтік-мәдени нысандарды күрделі және ағымдағы жөндеу, реконструкциялау және салу (2 729 жоба);

– тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық нысандарын күрделі, орташа және ағымдағы жөндеу, реконструкциялау (1 088 жоба);

– инженерлік-көлік инфрақұрылымын күрделі, орташа және ағымдағы жөндеу, реконструкциялау және салу (1 926 жоба);

– елді-мекендерді абаттандыру (1 019 жоба).

ЖҚЖК инфрақұрылымдық жобаларын іске асыру кезінде отандық өндірушілердің кемінде 90% тауарлары мен қызметтерін қолдануды қамтамасыз ету ерекше шарт болып табылады. Жұмысшылардың кем дегенде жартысы халықты жұмыспен қамту орталықтары арқылы алынып, басымдық жұмыссыз жүрген жастарға берілетін болады. Мердігерлер санитарлық-эпидемиологиялық шараларды қолдана отырып, қауіпсіз еңбек жағдайын қамтамасыз етуге тиіс.

4 тамыздағы жағдай бойынша өңірлерде 6 373 жоба бойынша жұмыс басталды, 154 мың жұмыс орны құрылды, оның ішінде халықты жұмыспен қамту орталықтары арқылы 88 мың адам жұмысқа орналасты.

Бұған дейін хабарланғандай, ЖҚЖК аясында барлығы 255 мың жұмыс орнын ашу жоспарлануда. Бұл ретте ЖҚЖК жобалары болашақта 100 мыңнан астам тұрақты жұмыс орнын ашуға негіз болады.

### «ШӘМШІНІҢ ӘНІН ШЫРҚА!» ӘУЕНДЕР ЖОБАСЫ ЖАРИЯЛАНДЫ

**15 тамыз –** ***Қазақстанның Халық әртісі, белгілі сазгер, «Қазақ вальсінің королі» атанған Шәмші Қалдаяқовтың туған күні. «Қазақстан» телерадиокорпорациясы композитордың 90 жылдық мерейтойына орай, әлеуметтік желіде «Шәмшінің әнін шырқа!» әуендер жобасын жариялайды.***

Жобаға қатысу үшін сазгердің өзіңіз сүйіп тыңдайтын әнін орындап, әлеуметтік желідегі парақшаңызға жариялаңыз. Жарияланымға **#Шәмші90жас** хештегін қойып, **@qazaqstantv** парақшасын белгілеу қажет.

Қатысушылардың жас шамасына шектеу қойылмайды.

**Қосымша талаптар:**

– Әнді толық орындау;

– Ұялы телефонды көлденең (горозонталды) түрде қойып түсіру.

Ең сәтті шыққан түсірілімдерден бейнебаян әзірленіп, «Qazaqstan» және «Abai» телеарналарының эфирінен көрсетіледі.

### БИЫЛҒЫ ОҚУ ЖЫЛЫ СТУДЕНТТЕР ҮШІН ҚАЛАЙ БАСТАЛАДЫ?

***Елімізде колледж және жоғары оқу орындарының студенттері үшін оқу жылы негізінен қашықтан оқыту форматында басталады.***

ҚР Білім және ғылым министрлігінің Telegram парақшасында жарияланған ақпаратқа сәйкес, педагогикалық, IT, әлеуметтік, гуманитарлық бағыт студенттері қашықтан оқиды. Технологиялық, аграрлық бағыттар, медицина және өнер мамандықтарының студенттері ішінара қашықтықтан білім алады. Дәріс және семинар сабақтары онлайн өтсе, зертханалық сабақтар және өндірістік тәжірибе дәстүрлі форматта жүргізіледі.

Алыс ауылдық жерлерде және шағын қалаларда орналасқан 102 колледж штаттық режимде жұмыс істейді. Бір топтағы студент саны 15-тен аспайтын болады (бірнеше топ құрылады).

Жоғары оқу орындарында студенттер негізінен қашықтан оқыту форматында білім алады. Педагогикалық ғылымдар, IT, әлеуметтік және гуманитарлық бағыттар қашықтан оқиды.

Табиғи, техникалық және аграрлық бағыттар, медицина және өнер мамандықтары бойынша дәрістер мен семинарлар онлайн, зертханалық және практикалық сабақтар штаттық режимде өткізіледі.

Ал магистратура мен докторантура сабақтар ішінара қашықтықтан оқытылады. Интернатура мен резидентурада оқу дәстүрлі форматта жүретін болады.

## ҚАРАҒАНДЫ КОМПАНИЯЛАРЫ IT-МАМАНДАРЫН ІЗДЕУДЕ

***Пандемия санаулы айларда бүкіл дүние жүзіндегі еңбек нарығын түбегейлі өзгертті. Біздің өңірді де айналып өтпеді. Дағдарысқа қарамастан, кәсібилерге сұраныс жоғары. Қарағанды қаласы мен Қарағанды облысының IT-компаниялары мамандар тобына мұқтаж.***

Оларға жоба менеджерлері, веб-дизайнерлер, SMM-менеджерлер, маркетологтар, баспасөз хатшылары, мәліметтер аналитиктері, жүйелік архитекторлар мен тағы басқалары қажет.

«Работа IT. Караганда» телеграм-каналында күн сайын бос орындар жарияланып отырады.

Сонымен бірге, Wooppay академиясында оқытудың III-ағыны жүріп жатыр. Компания веб-әзірлеу саласында тегін 3-айлық машықтанудан өту үшін Қарағанды қаласы мен Қарағанды облысынан еңбекқор және талантты адамдарды іздеп жатыр. Үздіктерін жұмысқа алады.

Толығырақ ақпаратты **https://t.me/itjobkrg** сілтемесі бойынша алуға болады.



## МӘЖІЛІС ДЕПУТАТЫНЫҢ ЖҰМЫС САПАРЫ

# ХАЛЫҚ ҚАЛАУЛЫСЫ АУРУХАНАДАҒЫ АХУАЛМЕН ТАНЫСТЫ

***(Соңы. Басы 1-бетте).***



«Қазақмыс» корпорациясы 60, денсаулық сақтау басқармасы 20 концентратор табыстаған. Кәсіпкерлер мен еріктілер тарапынан да көмек көрсетілген. Облыстық денсаулық сақтау басқармасы 3 жасанды тыныс алу аппаратын әперген. Тағы он осындай аппарат келеді, – деді аурухана бас дәрігері.

Осы ретте Мәжіліс депутаты А. Қожахметов «Көктемде, елде төтенше жағдай жарияланып, алғашқы аурулар тіркеле бастағанда қандай дайындық жасадыңдар?» деп сұрақты төтесінен қойды.

Денсаулық сақтау басқармасының Жезқазған аймағы бойынша өкілдігінің басшысы Ләззат Ранова ә дегенде Сәтбаев қаласындағы туберкулезге қарсы диспансер базасында 80 орындық провизор, Сәтбаев қаласының орталық ауруханасынан 30 орын, барлығы 110 орындық провизор дайындалғанын, ауру жұқтырғандар саны күрт артқан шақта бұл орындардың жеткіліксіз болып қалғанын алға тартты. Сөйтіп, қысқа мерзім ішінде Жезқазғаннан 350 орындық провизорлық орталық ашылғанын жеткізді. Дегенмен, маман, дәрі-дәрмек мәселесі дер кезінде шешілген. Реаниматолог мамандар ауру асқынбай тұрғанда-ақ Қарағандыға арнайы оқу курстарына жіберіліп, бір ай бойы оқытылған.

Арман Төлешұлы сонымен бірге өлім-жітімнің күрт көбейіп кету себебін де сұрады. О.Мазитов бұл ретте қайтыс болған науқастардың 70 пайызы 65 жастан асқан кісілер болғанын, сонымен бірге, басқа да сырқаттары бар кісілердің ауыр жағдайда түсуі себеп болғанын айтады.

Ауруханада **8 705 793 75 24** және **87102 77 52 02** телефон нөмірлері арқылы қызмет көрсететін жедел желі (Call Center) қызмет көрсетеді. Осы телефондар арқылы кез келген адам өзінің науқас танысының жағдайын біле алады. Жансақтау бөлімінде нашар жатқандар болмаса, науқастардың қалта телефондары қолында, өздері де үй ішімен сөйлесуіне шектеу қойылмаған. Call Center жұмысына Жезқазған жоғары медициналық колледжінің қызметкерлері тартылған. Аурухана басшысының кабинетінде отырып Арман Төлешұлы өзі де жедел желіге телефон шалып, сынап көрді.

Депутат ауруханаың бірнеше бөлімшесінде орналасқан инфекциялық, провизорлық бөлімшелерде болды. Реанимация бөліміне де бас сұқты.

Мұнда қазір барлығы 109 науқас жатыр. Оның ішінде 29 науқас – инфекция бөлімінде, 7 науқас – жансақтау бөлімінде. Қалғаны – провизорлық бөлімше пациенттері. Жансақтауда жатқан жетеудің екеуі өкпені жасанды желдету аппаратына қосылған. Аурухана мен медициналық персонал қажетті жабдықпен, қорғаныш құралдарымен қамтамасыз етілген, – дейді аурухана басшысы.

Депутат сондай-ақ, «Медициналық орталық» ЖШС-да да болып, орталық басшысы В. Моторыкинмен де аймақтағы ахуал жайлы пікірлесті. Көпбейінді аурухана коронавирус пен пневмонияға қарсы күреске жұмылдырылуына байланысты, бұл орталық қазір жезқазғандықтарға шұғыл медициналық көмек көрсетуде. Көпбейінді аурухананың біраз дәрігері қазір осында жұмыс істеп жатыр.

Мәжіліс депутаты сонымен бірге, Ө.Байқоңыров атындағы Жезқазған университеті жатақханасында орналасқан инфекциялық стационарда да болды. 250 орындық госпиталь 8 шілдеден бастап жұмыс істеп тұр. Содан бері 170 адам осында жатып, емделіп шыққан. Депутат барған күні орталықта 24 науқас жатты. Барлығының жағдайы жақсы. Науқас санының азаюына байланысты 2 дәрігер қызмет етуде. Жалпы осыған дейін мұнда барлығы 54 медицина қызметкері жұмылдырылған екен.

Бұл орталыққа негізінен провизорлық ауруханадан коронавирус инфекциясы анықталған, жағдайы орташа немесе жеңіл науқастар жатқызылады. Ауыр науқастар көпбейінді ауруханада ем алады. ЖезУ жатақханасынан ашылған инфекциялық орталық меморандумға сай 24 тамызға дейін жұмыс істейді деп жоспарланған. Соңғы екі аптада науқастанушылар саны азайып жатқаны байқалып отыр. Алдағы апталардағы жағдайға байланысты біржақты шешім қабылданады, – дейді Қарағанды облысы денсаулық сақтау басқармасы Жезқазған аймақтық өкілдігінің басшысы Л. Ранова.

Арман Төлешұлы ауруханалардан соң қаладағы бірнеше дәріханаға соғып, дәріхана қызметкерлерімен де пікірлесті.

Депутаттың жұмыс сапары ертең Сәтбаев қаласы мен Ұлытау ауданында жалғасады.



**PS.** ***Қазір облыс, қала басшылығы індет күз айларында қайта қоза қалғанда қарап отырмаудың қамына кіріскен. Көпбейінді аурухана аумағында орналасқан ғимараттың бірін инфекциялық блок ретінде жасақтау туралы шешім қабылданған. Сондай-ақ, ауруханаға екінші компьютерлік томография қойылады. Ол провизорлық-инфекциялық орталықтан бөлек, жалпы жұртшылыққа қызмет көрсететін болады. Сонымен бірге, облыс басшылығының шешімімен тамызда 200 орындық инфекциялық аурухананың құрылысы басталып, күздің соңына дейін пайдалануға берілетін болыпты. Құрылыс орны қаланың батыс бөлігінде, «Медициналық орталық» ЖШС маңынан белгіленген.***

**Дархан МҰХАН**

# COVID-19-ға ҚАРСЫ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ВАКЦИНАНЫ

## ЕРІКТІЛЕРГЕ СЫНАУ ҚЫРКҮЙЕКТЕ БАСТАЛАДЫ

***Қазақстандық* 5 *әзірлеуші* COVlD-19-ға *қарсы вакцинаны өздеріне сынады. Бұл туралы Биологиялық қауіпсіздік проблемалары ғылыми-зерттеу институтынан мәлім етті.***



«Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының талабына сәйкес, 2020 жылдың 13 тамызында макак-резустан антидененің кемінде 7 log болуы тиіс соңғы титрін анықтау жоспарланып отыр. Бұл жоғары иммуногендік көрсеткіш саналады. 2020 жылдың 26 шілдесінде вакцинаның 5 әзірлеушісі тірі вируспен жұмыс істеу барысында қауіпсіздіктерін қамтамасыз ету үшінерікті түрде вакцинаны өздеріне сынады. Бірнеше тәулік өткеннен кейін олардың өздерін сезінуі жақсы, дене қызуы мен аллергиялары жоқ. Клиникаға дейінгі сынақ 2020 жылдың 20 тамызында аяқталып, нәтижесі ҚР Денсаулық сақтау министрлігіне беріледі. ҚР Денсаулық сақтау министрлігінен рұқсат алынғаннан кейін 2020 жылдың 20 қыркүйегінде Алматы қаласындағы клиниканың базасында COVID-19-ға антиденесі жоқ 44 еріктіге клиникалық сынақ (I фаза) басталуы тиіс», – делінген институт таратқан хабарламада.

COVID-19-ға қарсы QazCovid-in вакцинасын институттың бас директоры К.Закарья және ғылыми қызметкерлер: Л.Құтымбетов, Б.Хайруллин, М.Орынбаев, Қ.Сұлтанқұлов, Е.Әбдірайымов, С.Нұрабаев өздеріне сынаған.

Вакцина COVID-19-ға қарсы бірінші отандық вакцинаны дайындау және сақтау технологиясын әзірлеу бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын тікелей орындайтын институттың ғылыми қызметкерлерін толықтай эпидемологиялық қорғау үшін қажет болды. Аталған ғылыми қызметкерлер COVID-19-ға шалдығып қалған жағдайда институт отандық вакцина әзірлеуге бағытталған маңызды мемлекеттік міндетті орындайтын ең құнды мамандарынан ұзақ уақытқа айырылып қалар еді. Өзі дайындаған вакцинаны вакцинациялау медициналық және иммунобиологиялық препараттарды әзірлеушілердің жария емес ғылыми стандарты саналады. Әзірлеуші ең алдымен өзінің әзірлемесінің қауіпсіздігі мен иммуногендігін өзіне сынауы тиіс. Екіншіден, өзінің зерттеуінің нәтижесі мен сапасы үшін толықтай жауапкершілік алады. Осылайша, клиникалық сынаққа қатысатын еріктілердің қауіпсіздігіне кепілдік береді, – деді институт директоры Күнсұлу Закарья.

Институт мәліметінше, 2020 жылдың қазан айының ортасында Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының талаптарына сай келетін 200 еріктіге клиникалық сынақ өткізудің II фазасына шығу жоспарланған. Клиникалық сынақтың II фазасы 2020 жылдың желтоқсан айында аяқталуы тиіс.

Көптеген елдің (Қытай, АҚШ, Ресей) тәжірибесін және халықты вакцинамен қамтамасыз ету қажеттігін қаперге ала отырып, клиникалық сынақ фазасының санын 4-тен 2-ге дейін қысқарту қарастырылып жатыр. Бұл ДДСҰ талаптарына қайшы болмайды.

Кандидаттық вакцинаның клиникалық сынақ нәтижелерін ДДСҰ растаған жағдайда Биологиялық қауіпсіздік проблемалары ғылыми-зерттеу институты жанындағы салынып жатқан Иммунобиологиялық препараттар өндірісі зауыты вакцина шығаруға дайын. Зауыттың жобалық қуаты жылына 60 млн дозаны құрайды. Құрылыс жұмысы 2020 жылдың желтоқсанында аяқталады.

Есте болса, 2020 жылдың 23 наурызында COVlD-19-ға шалдыққан алғашқы пациенттен патологиялық материал алынып, бір аптадан кейін институт ғалымдары SARS-CoV-2 вирусын бөліп шығарды. 2020 жылдың 9 мамырында COVlD-19-ға қарсы кандитатты инактивтелген вакцина әзірлеу бойынша жұмысты аяқтап, оның хаттамасы Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымына жіберілді. 15 мамырда ДДСҰ алдын ала тексеруден кейін оны клиникаға дейінгі сынаққа жіберілген кандидатты вакциналар тізіміне қосып, вакцина және әзірлеуші туралы ақпаратты ресми сайтында (www.who.int) орналастырды. Сол күні зертханалық тышқан, сириялық атжалман, теңіз шошқасы, күзен және үй қоянына кандидатты вакцинаны клиникаға дейінгі сынақты бастады. Клиникаға дейінгі сынақ вакцинаның ДДСҰ регламенттеген барлық параметрлер, атап айтқанда уыттылығы, дерт туындатушылығы, аллергенділігі, иммуногендігі бойынша ДДСҰ талаптарына және Қазақстан Республикасының мемлекеттік фармакопиясына сай келетіндігін көрсетті.

2020 жылдың 6 шілдесінде вакцина ҚР ДСМ Ұлттық дәрілік заттарды сараптау орталығына берілді. Орталық бұған дейін Биологиялық қауіпсіздік проблемалары ғылыми-зерттеу институты алған вакцинаны клиникаға дейінгі сынақ нәтижелерінің жаңғыртылатындығын қуаттады. 2020 жылдың 10 шілдесінде Биологиялық қауіпсіздік проблемалары ғылыми-зерттеу институты вакцинаны маймылға (макака-резус) сынақтан өткізуді бастады. lg M, lg G антидене титрі жетінші күнде 3,5 10Q (жоғары көрсеткіш) болған еді.

Айта кетсек, Биологиялық қауіпсіздік проблемалары ғылыми-зерттеу институты әзірлеген Covid-19 қарсы екінші вакцина Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының сайтына тіркелген болатын.

Бұған дейін Денсаулық сақтау министрлігі вакциналау инфекциялық аурулардан қорғанудың тиімді әдісі екенін мәлімдеген еді.

Қазақстандық ғалымдар 7 вакцина дайындау технологиясын жасады.

Жалпы елімізде коронавирусқа қарсы вакцинаның бес прототипі бойынша жұмыс жүргізіліп жатыр. COVID-19 вакцинасын жасау бойынша жұмыстардың барысына қызығушылық танытқан азаматтар ДДСҰ веб-сайтында вакцинаға үміткерлер туралы жалпы шолуды оқи алады.

Алдын ала болжамға сәйкес, Қазақстанда коронавирусқа қарсы вакцина 65 жастан асқан, жүрек-қан тамыры ауруы, қант диабеті және созылмалы өкпе аурулары бар тәуекел тобына кіретін адамдарға және медицина қызметкерлеріне салынатын болады. Вакцина алатындардың болжамды саны 2 347 000 адамды құрайды.

**«Saryarqa-ақпарат»**

9 ТАМЫЗ – ҚҰРЫЛЫСШЫ КҮНІ

# ҚАРҚЫНДЫ ЖОБАЛАР ҚОЛҒА АЛЫНУДА

***Соңғы жылдары Жезқазған алып құрылыс алаңына айналды. Мемлекеттік бағдарламалар аясында және жергілікті жеке кәсіпкерлердің қолдауымен бой көтерген әлеуметтік-мәдени нысандар, сондай-ақ, көп қабатты тұрғын үйлер қаланың сәулетін келістіріп қана қоймай, мысты өлкенің өркендеуіне өзінше үлес қосты. Биыл да осы дәстүр өз жалғасын тауып, жезқалада ауқымды жобалардың құрылысы қарқынды жүргізілуде.***



2020 жылы қалалық құрылыс бөлімінің тапсырысы бойынша мемлекеттік бағдарлама шеңберінде жалпы сомасы 10,4 млрд теңгеге 19 жобаны іске асыру қолға алынды. Жыл соңына дейін оның 10-ы пайдалануға берілетін болады. Сондай-ақ, «Нұрлы жер» бағдарламасын жалғастыру мақсатында биыл қалалық бюджет есебінен жалға берілетін, кредиттік үйлер мен жеке және көп қабатты тұрғын үйлердің инженерлік-инфрақұрылымдарын жүргізуге жобалық-сметалық құжаттамалар әзірленуде.

Ел Президенті дағдарысқа қарсы шаралар аясында ел аумағында «Жұмыспен қамтудың жол картасы – 2020» бағдарламасын жүзеге асыруды тапсырған болатын. Аталған бағдарлама жоспарына біздің қаладан да бірқатар жобалар енгізілді. Ал, қалалық құрылыс бөлімінің тапсырысы бойынша 3 млрд 049 млн теңгеге үш жоба жүзеге асырылып, 226 жаңа жұмыс орнын ашу көзделді. Атап айтсақ, бүгінде Жошы хан тарихи-мәдени орталығының құрылысы мен Теректі елді-мекенінде 80 орынға шақталған мектеп ғимаратын салу жұмыстары басталды. Мектеп құрылысының жобалық-сметалық құжаттары қалалық бюджет қаражаты есебінен жасалды. Дизайнері – «Астана-Проект» ЖШС. 20.05.2020 жылы ведомстволық емес сараптаманың оң қорытындысы алынды. Жаңа мектептің жалпы сметалық құны – 892,1 млн теңге. Мектептің құрылысы екі жылға жоспарланып отыр. Биыл «Жұмыспен қамтудың жол картасы» бағдарламасы бойынша бастапқы құрылысқа 500,0 млн теңге қарастырылған. Қазіргі таңда мердігер «БалхашПром ТехСтрой» ЖШС қарамағында 24 жұмыскер құрылысты бастап кетті. Жалпы осы құрылысқа жергілікті жұмыссыздар санатынан 63 жұмыскер жұмылдырылу жоспарланған.

Өңірдің туристік әлеуетін арттыратын Жошы хан тарихи-мәдени кешенінің құрылысына республикалық бюджеттен 1 млрд. 449 млн теңге бөлінді. Іргелі кешеннің құрылысына «Самға» ЖШС компаниясы жауапты. 2021 жылдың желтоқсанында тапсырылатын кешеннің жобалық-сметалық құжаттарын астаналық «Архитектурное бюро «Форма S» ЖШС әзірледі. Қазіргі таңда құрылыс алаңында 10 арнайы техника мен 115 жұмыскер еңбек етуде. Оның 100-і – жұмыспен қамту орталығы арқылы жұмысқа қабылданғандар.

2020 жылы құрылысы басталған тағы бір ірі нысан – 320 орындық дене шынықтыру-сауықтыру орталығы. Жоба мемлекеттік «Өңірлерді дамыту» бағдарламасы аясында іске асырылуда. Жобаның жалпы сметалық құны 1 млрд 902 млн теңге. Іске асыру кезеңі – 2020-2021 жылдар. Биыл құрылысты бастауға 900 млн теңге бөлінді. Жаңа спорттық кешен аймақ тұрғындарының салауатты өмір салтын ұстанып, денсаулығын нығайтуға мол мүмкін ұсынатын болады.

Жезқазған қаласының тұрғындары дарынды балаларға арналған мамандандырылған мектепті қажетсінгені белгілі. Ата-аналардың бұл арманы ақиқатқа айналар күн алыс емес. Себебі, «Қарағанды облысы бойынша 2016-2019 жылдарға арналған Қазақстан Республикасында білім мен ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған» мемлекеттік бағдарламасын іске асыру мақсатында 2019 жылы 900 оқушыға арналған мектептің құрылысы аяқталуға шақ. Мердігер «Аспап» ӨК мектеп құрылысын қыркүйекте аяқтап, пайдалануға беретін болады. Жобаның орындалысы қазірдің өзінде 93 пайызды құрап отыр.

Қай өңірде болмасын тұрғын үй мәселесі өзекті. Соңғы үш жылда Жезқазғанда ертеректе тұралап қалған тұрғын үй құрылысы дами түсті. 2018 жылы барлығы 66 пәтері бар екі көп қабатты тұрғын үй, 2019 жылы несие негізінде тағы бір үй тұрғындар игілігіне берілді. Биыл «Нұрлы жер» мемлекеттік тұрғын үй бағдарламасын іске асыру мақсатында жалпы сомасы 1,8 млрд теңгеге көп қабатты 5 тұрғын үйдің құрылысы бастау алды. Оның 3-уі – жалдамалы, 2-уі – кредиттік тұрғын үй. 90 пәтерлі екі тұрғын үйдің құрылысы биыл аяқталса, барлығы 78 пәтері бар екі үй 2021 жылы және 90 пәтерлі бір үй 2022 жылы пайдалануға беріледі деп жоспарлануда.

Жоғарыда атап өткен ауқымды жобалардың құрылысынан бөлек келешекке межелеген жоспарларымыз көп. Ертеңгі күннің еншісіндегі маңызды жобалар мысты өлкенің өсіп-өркендеуіне ғана емес тұтас елдің экономикасын дамытуға септесетін болады. Көріп тұрғандарыңыздай, Жезқазған – болашақтың қаласы.

**Мәруа КЕЛМАҒАНБЕТОВА,**
**Жезқазған қаласының құрылыс бөлімі басшысы**

# ҚУАНЫШ СЫЙЛАЙТЫН МАМАНДЫҚ

***«Мен бала күннен артымнан өшпейтін естелік пен қолтаңбамды қалдырғым келетін. Міне, бүгінде сол арманым ақиқатқа айналды. Себебі менің атым өзім салған ғимараттармен бірге жасайтын болады»,– дейді жезқазғандық құрылысшы Сергей ДЖАЛТЫРЬ. Қарағандылық «Аспап» өндірістік компаниясында прораб болып қызмет ететін ол бүгінде мысты шаһардағы 900 орынға шақталған жаңа мектепті салып бітіріп, тапсыруға дайындық үстінде.***



Сергей Джалтырь – мысты шаһардың тумасы. Мектепті бітірген соң ұзақ ойланбай бірден әке жолымен жүруді жөн санайды. Сергейдің әкесі Евгений Джалтырь да – құрылысшы. Қатардағы қарапайым жұмысшыдан бастап тресс меңгерушісі қызметіне дейін көтерілген әке Сергей үшін қашан да үлгі болды. Ол қаламыздағы мыс қорыту зауыты мен жылу-электр орталығын салған әкесін мақтан етеді. 47 жылдық жұмыс тәжірибесінде Евгений мырза ұлы Сергейге азаматтық-адамгершілік тұрғысынан да, кәсіби біліктілік жағынан да бар білген-түйгенін үйретті. Әке сөзін екі етпейтін ол алысқа бармай-ақ Жезқазған құрылыс техникумына оқуға түсті. 1991-1994 жылдар аралығында аталған оқу орнынан құрылысшы мамандығын игеріп шыққан ол еңбек жолын бірден құрылысшы болып бастай алмады. Тәуелсіздік алған жылдардағы елді жаппай жұмыссыздық жайлап, адамдар екі қолға бір күрек таппай сандалған уақыттарда күзетші болып еңбек етті. Кейіннен «Қазақмыс» корпорациясы жанынан құрылған капиталды құрылыс бөліміне жұмысқа орналасты. Ол жерде тас тасушыдан бастап құрылыс алаңындағы барлық міндеттерді атқарған ол мол тәжірибе жинақтай білді.

Сергей Евгенийұлының қауіп-қатерге толы құрылыс алаңында жүргеніне биыл ширек ғасыр толады. Прораб қызметін атқаратын оның міндеті оңай емес. Салынып жатқан кез келген ғимараттың әр қаланған тасының сапасына тікелей Сергей жауапты. Құрылыста қателікке орын жоқ. Құрылысшыларды қажетті автокран, экскаватор, жүк тиегіш, самосвал, бульдозер сынды түрлі ауыр машиналармен қамтамасыз ету де – оның міндеті. Қажетті құрылыс заттарын да Сергей есептейді. Құрылыс барысында құрылысшылардың қауіпсіздігі де – Сергейдің мойнында.

Оның жетекшілігімен салынған сәулет өнерінің түрлі ғажап үлгілері Қазақстанның түпкір-түпкірінде бар.

– Құрылыс, сәулет десе адамдардың көз алдына «Бәйтерек», «Хан Шатыр» «Астана-Арена» сынды архитектурасы ерекше ғимараттар елестейді. Мен салған жұмыстардың ішінде ондай ғимараттар болған жоқ. Біздің компания көбіне үй, мектеп, зауыт-фабрикалар салумен айналысады. Есесіне, мен жоғарыда атап өткен сәулет өнерлерінен де күрделі, мемлекеттік маңызға ие зауыттар мен фабрикаларды тұрғыздым. Оларды салу – өте қиын жұмыс. Осы жолда бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып асқан ауызбіршілікпен, темірдей төзіммен бірлесе еңбек еткен барша әріптестеріме алғыс айтамын. Құрылысшы – мықты мінездің иесі. Құрылыс та майдан алаңы іспетті. Күннің ыстығы мен суығында бір қадам да артқа шегінбей жұмыс істейтін олардың еңбектері өлшеусіз, – дейді ол.

Қостанай, Хромтау, Шымкент, Балқаш, Қарағанды, Сәтбаев сынды қалаларда түрлі ғимараттар салған Сергей мырза бұнымен тоқтап қалмақ емес. Алда әлі талай жұмыстар бар деген ол қаламызда салынған жаңа мектеп 30 қыркүйекке дейін толық дайын болады деп отыр. 900 оқушыға арналған мектеп үш блоктан тұрады. «А» блогында – төменгі сынып оқушылары, «Б» блогында – жоғары сынып оқушылары оқиды. Ал «В» блогында асхана және тағы да түрлі қосымша кабинеттер орналасқан. Бүгінгі таңда мектепке қажетті жиһаздар әкеліну үстінде. Аула асфальті де төселіп бітті. Енді жасыл-желек отырғызу жұмыстары жүргізілуде. Аталған мектеп құрылысына 120 құрылысшы мен 20-шақты құрылыс техникасы тартылған. «Аспап» компаниясы жезқазғандық мектепке қоса Нұр-Сұлтан қаласында тағы үш мектеп құрылысын аяқтағалы отыр.

Бүгінде бір ұл, бір қыз тәрбиелеп отырған Сергей Джалтырьдың қызы да сапа инженері мамандығын таңдапты. Ұлы да әке жолын қуамын десе қарсы еместігін білдірген ол бүгінгі заманда құрылысшы мамандығы – таптырмас кәсіп екенін алға тартты. Ия, расында да ел экономикасының негізгі тірегі әрі қозғаушы күшіне айналған құрыш білекті құрылысшылар еңбегі қай кезде де елеулі, мәртебесі қашан да биік болары сөзсіз.

**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**

ҚАЛА ШАРУАШЫЛЫҒЫ

# ҮЙЛЕРДІҢ СЫРТЫ ЖАҢАРУДА

***Биыл қаламызда 2020-2021 жылдарға арналған «Жұмыспен қамту жол картасы» бағдарламасы аясында 58 көпқабатты үйдің қасбеті мен төбесіне ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізу жоспарланған болатын.***

Жалпы құны 320 млн теңгені құрайтын жөндеу жұмысына үйлердің қасбеттері мен шатырларының шытынаған жерлерін қайта сылап, тегістеп, бояу жұмыстары кіреді. Мердігер «Қазстройжилмонтаж» ЖШС 276 млн теңге көлемінде жасалған келісімшарт негізіндегі жөндеу жұмыстарына барлығы 95 жұмысшы тартылып отыр. Олардың арасында 65 азамат «Жұмыспен қамту жол картасы» бағдарламасы негізінде еңбекке араласқан.



– Бүгінге дейін нақты саны 32 үйге жөндеу жүргізілді. Аталған жұмыстар қазан айының басына дейін толық аяқталады деп жоспарлануда. Қаладағы үйлердің көбі ескі. Олардың тұрғызылғанына кем дегенде 60-70 жылдай уақыт болған. Жоспарға сай біздің негізгі жұмысымызға үйлердің көше жағындағы қасбеті мен шатырын ағымдағы жөндеу жатады. Біз тұрғындар тілегін ескере отырып, үйлердің өзге қабырғаларын да жөндеуді мойнымызға алдық, – дейді «Қазстройжилмонтаж» ЖШС-нің өкілі Рустам Зенов.

Жүріп жатқан жұмыстарға Сәтбаев көшесіндегі 19-үйдің тұрғындары наразылық білдіріпті. Олардың мердігер жұмысына көңілі толмайды. Аталған мекенжай тұрғындары күрделі жөндеу жұмыстарының жүргізілгенін қалайды.

– Біз оларға бұның ағымдағы жөндеу екенін түсіндірдік. Олардың бұл шағымдары негізсіз. Себебі бұл үйге техникалық тексеріс жұмыстары жүргізілгенде апатты деп танылған болатын. Ия, күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу арқылы үй жағдайын жақсартуға болады. Бірақ, ол жұмыстар басқа бағдарлама негізінде жүргізіледі. Тұрғындар мемлекеттен пайызсыз несие алып, он жыл көлемінде төлеп отыруына болады. Бірақ, олар бұған келіспей отыр, – деген қалалық тұрғын-үй инспекциясы бөлімінің басшысы Алиса Сүтбаева алдағы уақытта бұл мәселеге қатысты жұмыс жүретінін жеткізді.

**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**

РЕЙД

# ДӘРІ ҚОРЫ ЖЕТКІЛІКТІ

***Қала дәріханаларында бұрынғыдай дүрбелең жоқ. Дәрілік заттар мен маскалар да жеткілікті. Бұған қалалық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі қызметкерлері кезекті рейд кезінде көзіміз әбден жеткізді.***

Өткен аптада Сейфуллин көшесіндегі дәріханаларды бетке алған мониторинг тобы бұл жолы Алаша хан даңғылындағы «Здоровье» мен «Қызыл майға» соқты. Ұзын-сонар кезек байқалмайды. Қала тұрғындары ара қашықтықты сақтап, өздеріне керекті сатып алып жатыр. Көптің сұранысына ие парацетомол, аспирин мен драже, тамшы мен таблетка түріндегі «С» дәруменінің де түр-түрі сөреде самсап тұр. Парацетомол 100, аспирин 60, маска 80 теңгеден сатылып жатыр. Ал, түрлі вирустық аурулардың алдын алу үшін қолданылатын құрамында «С» дәрумені бар аскорбин қышқылының бағасы – 60 теңгеден 2000 теңгеге дейін.

– Күзгі-қысқы маусымға дайындықты бастап кеттік. Бүгінде біздің дәріхананың қорында антивирустық препараттар мен дәрумендер көп. Қазіргі таңда жағдай тұрақталды. Тұтынушылар жапа-тармағай парацетомолды бес даналап сатып алуды доғарды. Тапшылығы сезілген антибиотиктер де жеткізіліп жатыр. Тек олар дәрігердің нұсқаулығы бойынша ғана сатылады, – деген «Здоровье» дәріханасының директоры Любовь Кулдошина дене температурасын өлшейтін термометрлердің мәселесі шешілмей тұрғанын айтты. Сондай-ақ, ол қала тұрғындарын адам иммунитеті әлсіреп, ауру-сырқау көбейетін күз айларына қазірден бастап қамдануға, оның ішінде дәрігердің кеңесі бойынша дәрумендер қабылдауға шақырды.

Өткен аптаның өзінде қала дәріханаларына 39 мыңнан аса парацетомол жеткізілгенін алға



тартқан кәсіпкерлік және ауылшаруашылығы бөлімінің бас маманы Фархад Нұрдәулетов мұндай рейдтер алдағы уақытта да жалғасатынын айтты.

**Бота ШАЛҚАР**

ӘКІМ САҒАТЫ

# ЕЛДІҢ ШАҒЫМЫ НАЗАРДАН ТЫС ҚАЛМАДЫ

***Соңы. Басы 1-бетте***

Тұрғындардың сұрақтарына барынша нақты жауап беруге тырысқан Қайрат Баяндыұлының және пандемия кезінде тәулігіне 24 сағат адам өміріне араша түскен ақ халаттылардың жұмысына оң баға беріп, алғыс білдіргендер де бар.

Түстен кейін қала басшысы тікелей эфирде түскен шағымдар бойынша қаланы аралауға шықты. Аралауды «қоңыз мәселесінен» бастаған ол «Белгісіз сарбаз» ескерткіші айналасын дәрілеумен айналысып жүрген «Дезинфекция-К» ӨК жұмысшыларына барды. Жергілікті билікпен жасалған келісімге сай, қаланың аумағындағы көше, алаң, саябақ, бас-аяғы 244 ауланы дәрілеуге осы мекеме жауапты. Мердігер өкілдерінің айтуынша, дәрілеу мамыр айынан бері жүріп жатыр.

– Дәрілеуге эмилин деген препарат қолданамыз. Жұмыс таңғы алты мен тоғыздың және кешкі бес пен тоғыздың аралығында екі ауысыммен жүргізіледі. Қосымша өтініштер түсіп жатса, түс кезінде де шығамыз. Бізге қазір аулалар қиындық туғызып отыр. Өйткені, аулаларда үнемі көліктер тұрады. Иелері бізге құлақ аса да қоймайды, – дейді «Дезинфекция-К» ӨК бригадирі Оксана Красий.

Одан әрі Қайрат Баяндыұлы 91-орамдағы Амангелді-Белинский көшелерінің қиылысында жиналып қалған қоқыс басына барды. Бір кездері қазылып, көмілмей қалған шұңқырды тұрғындар күресінге айналдырыпты. Өткен-кеткен көліктерден де тасталған қоқыс, жан-жаққа ұшып, аймақтың сынын бұзып тұр. Күресін басындағы кеңесте қала басшысы орынбасары мен полицияға ең алдымен қоқысты рұқсат етілмеген орынға тастамау жөнінде жұртпен түсіндіру жұмысын жүргізуді, тәртіпке бағынғысы келмегендерге заңға сай шара қолдануды тапсырды. Сонымен бірге, тұрғындардың қоқыс тасушы мекемемен келісім-шартқа отыруын ұйымдастыру керегін қадап айтты.

Тікелей эфирде Геология елді-мекені тұрғындарынан түскен шағым балалар алаңына қатысты болған еді. Бұрын қойылған алаң күтім көрмей, орындықтары ұрланған, кей ойын құралдары қираған. Балалар алаңынан гөрі, қоқыс орнына көбірек ұқсап бара жатқан соң тұрғындар әкімге шағымданған. Аталған алаңға барған қала басшысы биыл алаңды толық қалпына келтіріп, қоқыстан тазартатынын, мүмкіндікке қарай бейнебақылау камерасын орнататынын айтты. Сонымен бірге, тұрғындардан қоқыс тастамауды, әр үй қоқыс таситын қызметке жүгінуі керегін тапсырды.

«Әкім сағаты» шарасында Мир даңғылы 67-үйдің тұрғындары аулада балалар алаңы, жарық жоқ деп шағымданған еді. Тұрғындармен өзі барып кездескен Қайрат Баяндыұлы балалар алаңын салып беретінін айтты. Пәтер иелері кооперативі басшысы, әкімдіктің жауапты қызметкерлеріне де су, жылу жүйесі мен жарықтандыруға қатысты нақты тапсырмалар берді.

**Өз тілшіміз**

БРИФИНГ

# МӘДЕНИЕТ ОШАҚТАРЫ – ОНЛАЙН РЕЖИМДЕ

***Жыл басынан бері әлем халқын үйреншікті тұрмыс-тіршілігінен алыстатқан пандемия кім-кімге болсын оңай соқпағаны анық. Қоғамның кез-кезген арнасына айтарлықтай ауыртпашылық тудырған індет мәдениет саласын да жанап өтпеді. Ежелден-ақ әсемдікке жаны құмар халқымыздың аты өнермен егіз іспетті. Елімізде карантин басталған сәттен барлық өнер ұжымдары мен мәдени мекемелер қашықтан жұмыс істеуге көшті. Жезқазған қаласының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Салтанат Нұрлыбаева, Т.Қалмағамбетов атындағы Жезқазған филармониясы басшысының міндетін атқарушы Нұрлан Хамзин және Жезқазған қаласы орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің директоры Ғалия Түгелбаева арнайы брифингіде карантин режимінде жүргізіліп жатқан жұмыстар барысымен таныстырды.***




– Карантин және төтенше жағдай шаралары көп жоспарды бұзғаны рас. Осыған байланысты барлық мәдени іс-шаралар жоспары қайта түзіліп, жаңаша форматтарда ұйымдастырылуға көшті. Алдымен, барлық мәдениет бөліміне қарасты мекемелердің әлеуметтік желілердегі жеке парақшалары ашылды. Қашықтан жұмыс барысында онлайн конференциялар мен семинарлар, концерттік бағдарламалар, экскурсиялар тағы да түрлі шаралар өткізілді. Мысалы, карантин тәртібі енгізілгеннен бастап бүгінге дейін бір ғана Жезқазған тарихи-археологиялық музейі қырыққа жуық шара ұйымдастырды. Ұлы Отан соғысы құрбандарын еске алып, ерліктерін дәріптеу мақсатында «Ұлы ерлікке тағзым» айдары пайда болды. Соның нәтижесінде музей қызметкерлері батыр бабаларымыздың атын ұмыт қалдырмай суреттері мен құжаттарын, майдан алаңындағы ерен ерліктерін жариялап отырды. Киізден жасалған қолөнер бұйымдары туралы арнайы дайындалған бейнематериал да әлеуметтік желі оқырмандары арасында үлкен қызығушылық тудырып, зор қолдауға ие болды. С.Қожамқұлов атындағы Жезқазған музыкалық-драма ұжымы да спектакльдерге қашықтан дайындалып, онлайн қойылымдар қойды. Сондай-ақ, театр жанынан құрылған волонтерлар ұйымы балалар үйінің тәрбиеленушілеріне 100, өзге қала тұрғындарына 700-ге жуық маска тігіп таратқанын да айтпай кетуге болмас, – дейді Салтанат Сүлейменқызы.

«Тілтану» әдістемелік орталығы да барлық тіл үйрену курстарын қашықтан жүргізуде. Жыл сайын дәстүрлі түрде ұйымдастырылатын «Жаңа өлеңмен жүздесу» жобасы да биыл онлайн жалғасын тапты. Қаламыздағы хор және би ұжымдары да қашықтан өткізіліп жатқан облыстық, республикалық өнер сайыстарына белсене қатысып, жүлделі орындарға ие болып үлгерді. Руханият сақшылары саналатын кітапханашылар жұмысы да бұрынғы қарқынынан айрылған жоқ. Жақында облыстық байқауда жеңімпаз атанған жезқазғандық кітапханашылар өз оқырмандарының түрлі мүшәйра, мәнерлеп өлең оқу байқауларына қатыстырып, жеңімпаздар қатарынан көрінуіне себепкер болып жүргені көңіл қуантады. Осыдан бірер ай бұрын ғана жаңа қызметтік көлікке ие болып, ел аурудан түгел сауығып, гастрольдік сапарларға шығатын күнді филармония әртістері асыға тосып жүргенін айтқан Нұрлан Хамзин өз ұжымының онлайн форматта түрлі концерттік бағдарламалар әзірлеу үстінде екенін жеткізді. Бүгінге дейін филармония әртістері екі рет үлкен көлемдегі концерт ұйымдастырып, ән сүйер көрермендерін қуантып тастаған болатын.

Сүйікті қаламыз Жезқазғанның туған күніне орай ұйымдастырылып жатқан аймақтық «Менің Жезқазғаным!» атты таланттар байқауы туралы баяндаған Салтанат Нұрлыбаева барлық өнерпаздарды аталған шараға белсене қатысып, бақ сынауға шақырды. Конкурс вокал, сән театры, хореография, хор, аспаптық жанр, ерекше жанр (пластикалық этюд, акробтика, эквилибр, антипод, каучук, жонглерлік, клоунада), театр өнері, көркем өнер, бейнелеу өнері, поэзия, мәнерлеп оқу, фотосурет сынды түрлі жанрлар бойынша өтеді. Конкурстың тағы бір ерекшелігі – қатысушылар жасына шектеу қойылмайды.

**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**

# КЕҢГІРДЕГІ КАРАНТИН

## *жайлы ауыл әкімі баяндады*



***Кеңгір селолық округінің әкімі Қанағат Жанпейісов карантин кезеңіндегі елді-мекендер ахуалымен таныстырды. Қорғанбай, Теректі, Түйемойнақ және құрамына 60, 310, 323, 335, 359, 366, 370 разъездер кіретін селолық округ халқының жалпы саны 3420 адамды құрайды.***

Қауіпті індет округ тұрғындарын да айналып өтпеді. Жезқазған қалалық емханасының Кеңгір ауылдық филиалы мамандарының мәліметі бойынша қазірге дейін 327 адам қауіпті ауру бойынша тест сынамасын тапсырған. Оның 29-ында коронавирус анықталды. Олардың 19-ы стационарлық, қалған 10 адам амбулаторлық ем-дом қабылдады. Сондай-ақ, коронавирустық инфекцияның жеңіл түрімен ауырған 58 тұрғын үй жағдайында ем алды. Көңіл көншітерлігі – бүгінгі таңда округтегі эпидемиологиялық ахуал тұрақталды.

– Жезқазған қаласы әкімдігінің және қалалық емхананың қолдауымен Кеңгір елді-мекенінде әлеуметік дәріхана ашылды. Оған аптасына бір рет қажетті дәрі-дәрмектер жеткізіліп тұрады. Тұрғындарға Жезқазған қаласында құрылған мобильді топ жедел көмек көрсетеді. Оның құрамында дәрігер, фельдшер және медбике бар. Азық-түлік дүкендері тұрақты жұмыс істеуде. Сауда орындарындағы сақтық шараларының сақталуы – селолық округ әкімі аппараты мамандарының қатаң бақылауында. Тұрғындарға ортақ қоғамдық чат құрылып, карантин жағдайындағы өзгерістер мен ұсыныстар толық баяндалып отырады, – деді округ әкімі брифинг барысында.

Кез келген қиындық көптің көмегі мен берік ауызбіршілігі арқасында еңсерілері сөзсіз. Шара барысында округ әкімі карантин кезінде көрсеткен қолдаулары үшін Теректі стансасының тұрғындарына зор алғысын білдірді. Еске сала кетсек, теректіліктер мысты шаһарға 350 л қымыз жөнелтіп, Жезқазған көпсалалы ауруханасына, қарттар үйіне және өзге де мұқтаж жандарға тегін таратқан еді.

**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**

## ҰЛЫ ЖЕҢІС – АРХИВ ҚҰЖАТТАРЫНДА

***Ұлы Отан соғысы естен кетпес, адамзат тарихында теңдесі жоқ соғыс болды. Соғыстың аты соғыс. Сұм соғыс біреуді жесір етті, біреуді жетім етті, ал біреуді жалғыз ұлынан айырды. Балалығы сұрапыл соғыспен қатар келген біздің бүгінгі ата-әжелеріміз сол уақытта ерте есейген еді.***






# ТАНКИСТ ТАҢАТАР МЫҚТЫБАЕВ

Күн өткен сайын Ұлы Жеңістің жақындауына үлес қосқан ардагерлеріміздің қатары сиреп барады. Таңатар Мықтыбайұлы Жезқазғанның тумасы. Еңбек жолын он алты жасынан Жезқазған руднигінің электр қуатын беретін станциясында бастайды. Талапты жас рудникте жүріп комсомол қатарына қабылданады. Слесарьлықтан бастаған Таңатар газомоторда машинист, мастер, механик, станция меңгерушісіне дейін жоғарылайды. Ол жастайынан қоғамдық жұмыстарға да белсене араласты. Рудник бойынша комсомол ұйымының хатшысы болып сайланады. Партия қатарына қабылданған Таңатар Мықтыбаев Байқоңыр көмір кенінің партия ұйымының хатшысы етіп сайланады. Қырқыншы жылдары Байқоңыр кені құлдырап кетеді. Таңатар Мықтыбаев ұйымдастырушылық қабілетімен Байқоңыр шахтасының дамуына өз үлесін қосады. Байқоңыр шахтасында стахановшы, екпінділер қатары ай сайын өсіп, таңдаулы кеншілер партияға өтіп коммунистердің рөлі күн сайын артып жатты.

Таңатар Мықтыбаев жас кезінде тілші болып та қызмет атқарған. Отызыншы жылдары Қарсақбай аудандық «Қызыл кенші», «За медь», облыстық «Советтік Қарағанды» газеттеріне мақала, хабар, суреттемелері шығып тұрды. Сол кезде редакцияда тәжірибелі кадрлардың жетіспеуінен белсенді тілшілердің көмегіне сүйенген.

1942 жылы Таңатар Мықтыбаев Байқоңырдан майданға аттанады. Алғашында танкішілер дайындайтын училищеде механик-жүргізуші болып, 3-ші дәрежедегі танкист болып шығады. Алғашқы шайқаста Украина жерін, Житомир, Ровно, Виницы, Каменец, Подольск, Станислав, Львов қалаларын жаудан азат етеді. Қып-қызыл қан мен аппақ қар араласқан қара топыраққа көмілген талай боздақтар майдан даласында қалды.

Жеңіс қашанда жеңілдікпен келмейді, ауыр шайқастар мен жанқиярлық еңбектің арқасында мүмкін болады. Азаттық жолындағы сондай соғыстар Польшаның екінші астанасы Краковты, Сталинградты қорғауда танкист Таңатар алдыңғы шепте шайқасады. Таңатардың танкісі Германияның Одер, Нейссе, Шпрее өзендерінен өтіп, Берлинге жетеді. Жауынгерлік жолы ерлікке толы Таңатар Мықтыбаев II дәрежелі «Ұлы Отан соғысы» орденімен, медальдармен, Сталиннің алғыс хаттарымен бірнеше мәрте марапатталды.

Бірнеше айлар мен жылдар бойы оқ пен оттың ішінде Жеңіс үшін, елдің азаттығы, Отан үшін айбатты арыстандай жаумен айқасқан Таңатар Мықтыбаев жеңіспен аман-есен елге оралады. Еліне оралған майдангер еңбекте де абыройсыз болған жоқ. Шаңырақ көтеріп, бейбіт еңбекке араласты. Жезқазған руднигінің компрессор цехында механик қызметін атқарды. Таңатар Мықтыбаев қоғам жұмыстарына да белсене қатысады. Көптеген жыл насихатшы, саяси хабаршы қызметін атқарады. Күнделікті елімізде болып жатқан жаңалықтарды дер кезінде ұжымға жеткізіп тұрды. Таңатар өзіне ұсынылған қандай жұмыс болмасын адал, әрі абыроймен атқара білді. Ұлын ұяға, қызын қияға ұшырған Таңатар ақсақалдың балалары әр салада қызмет атқарады. Бағдаты өз алдына отбасын құрып, Ақтөбеде тұрады. Зейнелғабдені Алматының КАЗПТИ-ін бітіріп, тау-кен инженері қызметін атқарады. Гауһары институттың энергетика факультетінде оқып білім алды.

Ел алдындағы борыштарын өтеп, еліміздің амандығын, жеріміздің тұтастығын қорғап қалған ардагерлерге тағзым ету біздің қашанда парызымыз. Себебі, олар еліміздің жарқын болашағын, жас ұрпақтың өмірін, халықтың бақыты мен қуанышын сақтап қалды. Сондықтан да бүгінгі бейбіт өмір үшін соғыс ардагерлеріне мәңгі қарыздармыз.



**Қарлыға НАУРЫЗБАЕВА,**
**Жезқазған қаласы мемлекеттік архиві әдебиет, өнер, жеке қорлар және ақпараттар мен құжаттарды ғылыми пайдалану бөлімінің жоғары санатты архивисі**

## АЛТЫН ОРДА – 750

# ТАРИХИ-МӘДЕНИ КЕШЕННІҢ ҚҰРЫЛЫСЫ ҚАРҚЫНДЫ

***Аймақта туризмді дамыту мақсатында Жошы хан кесенесінің жанынан тарихи-мәдени кешеннің құрылысы басталғанын бұған дейін де хабарлаған болатынбыз. Жақында құрылыс барысымен «Nur Otan» партиясы Жезқазған қалалық филиалының мониторинг тобы танысып қайтты.***



Жезқазған қаласы құрылыс бөлімінің тапсырысымен салынып жатқан кешен құрылысына барлығы 1 млрд 381 млн теңге бағытталып отыр. Оның ішінде 800 млн теңге қаражат «Жұмыспен қамту жол картасы» аясында бөлінген. Мердігер – «Самға» ЖШС.

Аумағы 2,5 мың шаршы метрді құрайтын құрылыс алаңында бүгін құрылыс қызу жүріп жатыр. Құрылыс та ауқымды. 1,8 мың шаршы метр аумақты құрайтын кешенде көрме залы, асхана, 20 орындық қонақ үй мен намазхана сынды бөлімдер қарастырылған.



Жоспар бойынша келер жылы аяқталуы тиіс нысанды биыл жыл соңына дейін тапсыру көзделіп отыр.

Құрылыс материалдары, кесте, жұмыскерлер мен жалақы бойынша ешқандай мәселе жоқ. «Жұмыспен қамту жол картасы» бойынша осы күнге дейін 100 адам тартылды. Мұндағы орташа жалақы көлемі 140-150 мың теңге көлемінде. Қазір ғимараттың сыртқы құрылысының 75-80 пайызы орындалды, – дейді «Самға» ЖШС прорабы Ұлан Наурызбаев.

Жылыту жүйесі мұнда электр арқылы жұмыс істейтін болады. Қазір электр желісіне қосу мәселесі шешілген.

Сондай-ақ, бүгінде ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің тапсырысымен Жошы хан кесенесі де реставрацияланып жатыр.

**Өз тілшіміз**

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

# ШЕЖІРЕЛІ ӨЛКЕДЕГІ ШЕГІР БИ ТӨРЕЛІГІ




Қазақ мемлекеттілігінің қалыптасуында билер кеңесі, билер соты үлкен рөл атқарды. Қазақ қоғамында басқарудың демократиялық жүйе қалыптасты. Жергілікті жердегі білікті билер, ру ақсақалдары жүргізді. Мемлекеттік істерді бүкіл үш жүздің билік өкілдері жиналған құрылтайда, халық жиналыстарында шешті. Ел ішіндегі істерді ру, тайпа, жүздер арасындағы жер дауын, жесір дауын, үлкен барымталар дауын үш жүздің басы қосылған үлкен жиындарда, астарда «Жеті жарғы» қағидаларына сүйеніп шешіп отырды.

Билер төреліктерінің әділеттілігі мен мәдениеті тұрғысында тарихта ерекше орын алатын Ұлытау өңірінде ел басқарып, ел билеген, «Бағаналының төрт босағасы». «Төрт босаға» ұғымы өңірімізде тұтас тарихын қамтитын айтулы оқиға. Бұл ұғым «төрткүл дүниеде төбеге ынтымақ оралсын», «төрт құбыламызды түгендейік», төрт босағаны нығайтып, қай жағымыздан дұшпан келсе де мығым тұрсын, «үшеуі билік айтса, төртіншісі құптап, төбе билік етілсін» деген ниеттен туындаған. Бағаналаның төрт босағасы – Сандыбай, Қадір би, Шегір би, Бабыр би, бұл айтулы тұлғалар Ұлытау аймағының ғана емес, біздің тәуелсіз Қазақстанымыздың төл тарихының төрт құбыласын түгендеуге септігін тигізді. Төрт босаға ұғымының мағынасына тоқтала кететін болсақ, бір-бірінен алшақтау жатқан қазақ руларының атқа мінер билері ел ішінде күнделікті өмірде болып жатқан дау-дамай жағдайларымен кездескенде алғашқы танысуларын «Әуелі төрт босағаларыңды айт» деген сұраудан бастайды екен. Онысы «Ауыл-еліңнің, шыққан жұртыңның пірі кім, биі кім, батыры кім, мырзасы кім?» деген сауал. Бұған жөнді жауап болмаса, немесе аталған есімдерге әлдеқалай себептермен көңілдері толмаса, одан кейінгі әңгімелері онша жарасым таба алмаған секілді.

Осы мақаламда Бағаналының төрт босағасының бірі Шегір би жөнінде тарихи деректерді баяндауды жөн көрдім. Қазақ этнотарихының білгірі Акселеу Сейдімбектің «Балталы, Бағаналы елі аман бол» атты шежіре кітабында Шегір би жайлы нақты біршама дәлелдер келтірілген. Шегір би ел билігінде тапқырлығымен, ақыл-айласымен белгілі болған. Шешуі қиын істерді ақылдасу үшін жақсы мен жайсаң Шегірге жүгінеді екен. Жорыққа шығатын батырлар болашақ ұрыстың айла-тәсілін, ұрымтал тұстарын Шегірдің ақылымен шешіп, аттанатын болған. Заманында елге қадірі өткен Шегірдің билігіне тоқтасып, ұлғайған кезінің өзінде киелі санап, ұйғарған шешіміне ешкім қарсы келмеген. Шегір би Шалабайұлының өнегелі ісінің бірегейі ретінде жастарды ел ісін басқаруға баулығаны да ерекше аталады.Төрт босағаның ішінде ең ерекше беделге ие болған жан – осы Шегір би.

Ұлытау төңірегіндегі елдің ең бір өсіп-өнген толысқан кезі өткен ғасырдың орта тұсы. Елдің өріс-қонысы шатаса берген соң, жер бөлісуге Бағаналының төрт босағасы бас қосқан дейді. Білікті Кәдір биге жүктеген екен, алайда ол ағайынның көңіліне қарап, «өздерің айта берсеңдерші» депті. Сонда Шегір отырып «Екі Кеңгірді Сары-Сарғалдақ пен Жырық алсын (Мұнысы Сары Кеңгір мен Қара Кеңгірді Ерден мен Кәдір би алсын дегені), екі Жездіні Ибеске мен Жұртшы алсын (Мұнысы Үлкен Жезді мен Бала Жездіні Бабыр елі қоныстансын дегені), Ырғайлы өзені мен Байқоңыр өзенін Ақтазға беріңдер» депті. Сонда Кәдір би: «Оу, Бозжорға-ау (Шегірді осылай атайды екен) мұның не?» дейді. Бұған Шегір: «Қалағаныңды өзің ал, тастағаныңды iніңе бер» деп жауап қайырыпты. Осымен бітімге келіп, келісіммен тарқасып еді дейді. Осы біліктен кейін: «Ұлытауды жаратуын құдай жаратқанымен, бөлуін Шегір бөлген» деген сөз қалған.

Біздің пайымдауымызша бұл батаны Бағаналылар Ұлытауға жаппай көшіп келіп, қоныстарын белгілей бастаған 1840 жылдары берген болуы мүмкін.

Шегір бабамыздан даналық ойдың небір інжу -маржандары қалған. «Бірің толқын, бірің жар, бірің тайлақ, бірің нар, бір-біріңді ұғыңдар ». Осы философиялық ой-толғамда қанша мағына, өмірден алған тағылым, кейінгі ұрпаққа нұсқап жатыр! Біздің «Береке-бірлік табыстың, әділдік , арың-намысың» деген толғамы бүгінгі ұрпақ үшін өзектілігін, маңыздылығын жоғалтқан жоқ.

Шалабайұлы Шегір би адуынды, сөйлесе әділдіктен аумайтын, көбіне тұспалдап, сөздің түбін түсіретін кісі екен.

Қапылыста нетүрлі оқиғалар болып жатады ғой. Шашын алып отырған ағайындарының бірінің қолындағы өткір ұстарасы аңдаусыздан бидің бір көзінің қаршығына тиіп кеткен. Бұл ағайындар арасында ашу-ыза туғызып, оны қатаң жазаға тартуды талап етеді. Оларға Шегір би былай деп жауап қайырыпты. «Өлсе құны жоқ, сатса пұлы жоқ момын ғой. Мен кешірдім, енді сөзді қойыңдар», - депті. Би сөзін екі етпейтін туыстар қайтып осы жағдайға оралмаған.

Сандыбай батыр қайтыс болғаннан кейінгі жылдары Қоқандардың Бағаналыға тікелей тиіспесе де, соның маңайындағы елдің мазасын алып, малын шауып, адамын алып, үйлерін өртеп кетуі жиілеп кеткен. Сандыбайдың өзі жоқ болса да, орны бар, - деп үш би бұл жолғы кеңесті екі Кеңгірдің түйіскен тұсы, Әбілқайырдың ордасы тігілген хан аралының алқымындағы көк шалғында өткізбек болады. Жиында Шалабай Шегір би: – Қоқандардың қолы жақында тағы да анау Сырдан қырға шығар жолдағы ағайындарды шауып, үйлерін өртеп, малын айдап кеткенін естіген шығарсыңдар, - деп, негізгі шаруаның жайына қарай сөз қозғады. Шегірдің бұл айтып отырғаны осы жаздың басында жүз шақты сарбазы бар Қоқан ханының қолы Арқа мен Сырдың бойын бір жайпап өткені болатын. Ойын ортаға салған Шегір бидің сөзіне, Кадір би бөгелмеді, әр босаға өзінің аумағы жағынан жасауыл тұратын мекен салып, сол жерден күзетті күшейтіп, қарулы деген кемінде 100 сарбазды қаруландырып, жүйрік атпен, қару-жарақпен, киер киім, ішер тамақпен тарықпайтындай жағдай жасайық. Күндіз-түні күзетті күшейтіп, Қоқанның шабуылын қарсы алатындай, жолын бөгеп, ішкі жақтан көмек келгенше өткізбей ұстайтындай болуы керек деп шешім қабылдайды. Ел басына бұлт үйірілгенде, осындай кеңесте билердің даналығымен төрт босағаның тұтастығын, ел бірлігін сақтап қалды.



Атбасардың аға сұлтаны болып Ерденнің сайлануының қуанышты хабарын «сүйіншілеп» жеткізген Бағаналының жігіттеріне Шегір – Ұзағынан болсын! Сүйіншіңе әр қайсыңа құлынды биеден бердім. Жылқыдан соғып алып кет, – деді. Қуанышты хабар оны сергітті, көптен бері бүгін ғана төсегінен басын көтерген ол сүйемелдей бергендерге: Өбектемей мені сыртқа шығарыңдар, – деді. Шегірдің көңілі көтерілгеніне қуанған інісі Байсеңгір: – Аға, жылқыға барам десеңіз ол жазықта жатыр. Жол ұзақтау болмай ма? – деп, ағасының сыртқа шыққысы келгеніне орай, «Денсаулығың көтере ме?» деген сауалды астарлап жеткізгендей болды. Оны Шегір де түсінді. Түсінді де: – Сеңгіржан, онда ат erттеп әуре болмай, көтеріп кете берсеңдер қайтеді, ә? Ол қалай? Қолдарыңнан келе ме? Ә? – дегенді екпіндете айтқанда үні тұншығып, әр сөзді бөліп-бөліп, әрең-әрең жеткізді. Ағасының мінезіне қанық Байсеңгір: – Жо, жоқ, аға, ат дайын. Жігіттер бірге барады, – деді. Байсеңгірдің, би ағасының күш қуатына күмән келтірмейтіндігін байқауға болады. Бұл жерде отбасы тәрбиесінің күштілігі ерекше көрінеді.

Ұлы Әбайділда әкесі Шегір би сияқты әділ, ойын жамап-жасқамай тура айтатын бетті жігіт болып өсіпті. Әулет дәстүрі, отбасы тәрбиесі, ортасы, көрген-білгеніне қарай бүкіл елдің қамын ойлаған текті тұлға болып өсіпті. Отыз бір жасында 1858 жылы Ақтаз – Бадана – Сейіт болысының басқарушысы болып сайланған.

Шегір би баласы Әбайділда сыртта, жолаушы жүргенде дүние салған екен. Әбайділда келген соң молдалардан: «Әкем не деді?» деді деп сұраса, молдалар «Әкең дем тапсырарда үш саусағын көрсетті» – депті. Сонда Әбайділда: «Үш жүздің басын қосып , ас бер деген екен ғой» – депті.

Әбайділда әкесі Шегірге ас беру үшін жылқыны беткейге иіріп, жылқышыларға «Ортасынан қақ бөліп шауып өтіңдер, оң жақ бөлігін асқа жұмсаймыз» депті. Сонда бөлінген жылқыны кеп қараса, оң жағының қарамы көптеу болса керек. Мұны байқаған Әбайділда: «Дүниеден өтсең де , ырысың менен асып жатыр ау» – деген екен.

Көзінің тірісінде-ақ Бағаналы елінің «Бозжорғасы» атанған Шегір би 1774 жылы дүниеге келіп, 1866 жылы дүниеден өткен. Бейіті Кішітау мен Ұлытаудың түйісер тұсында Шығырлы өзенінің бойындағы Обалы деген атақонысында.

Ескерткіш тік бұрышты болып келген жобада жасалған. Қабырғалары күйдірілген және саз кесектен жасалған кірпіштермен қаланған. Қабырғаларының қалануы үш қабаттан тұрады, бұл күйдірілген кірпіш, саз кесектен тұратын кірпіш және тағы да күйдірілген кірпіш. Алдыңғы фасады порталдан тұрады, бағыты оңтүстік-батыс. Фасадында П-әріпі тәріздес өрнектелген кірпішпен безендірілген. Шегір би кесенесі жергілікті ескерткіштер мәртебесінде мемлекет қорғауына алынған.

**Айдар ИСКАКОВ,**
**«Ұлытау» ұлттық тарихи-мәдени және табиғи қорық-музейі және Жезді кентіндегі М.Төрегелдин атындағы тау-кен және балқыту ісі тарихы музейінің ғылыми қызметкері**

## «Saryarqa» газетінің 2020 жылғы 15 мамырдағы № 17 (8181) санында «Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсын» өткізу туралы жарияланған ақпараттық хабарламаға сәйкес конкурстың жеңімпаздарын хабарлаймыз:

**№ 1 жер телімі** – Қарағанды облысы, Жезқазған қаласы, Сарыкеңгір ауылдық округі, Малшыбай ауылынан шығысқа қарай 41 км жерде 1760,0 га. (жайылым 1756,0 га, басқа түрі – 4,0 га) балл бонитет – 9

*Осы жер телімі бойынша конкурстық өтініш түспегендіктен конкурс өткізілмеді.*

**№ 2 жер телімі** – Қарағанды облысы, Жезқазған қаласы, Сарыкеңгір ауылдық округі, Малшыбай ауылынан шығысқа қарай 29 км жерде 1125,0 га (жайылым 1120,0 га, басқа түрі – 5,0 га) балл бонитеті–

*Осы жер телімі бойынша конкурстық өтініш түспегендіктен конкурс өткізілмеді.*

**№ 3 жер телімі** – Қарағанды облысы, Жезқазған қаласы, Сарыкеңгір ауылдық округі, Малшыбай ауылынан Солтүстік шығысқа қарай 50 км жерде 4380,0 га (жайылым 4366,0 га, басқа түрі –14,0 га) балл бонитеті–

*Осы жер телімі бойынша конкурстық өтініш түспегендіктен конкурс өткізілмеді.*

**№ 4 жер телімі** – Қарағанды облысы, Жезқазған қаласы, Сарыкеңгір ауылдық округі, Малшыбай ауылынан шығысқа қарай 29 км жерде 806,0 га (жайылым 800,0 га, басқа түрі – 6,0 га) балл бонитеті–

*Осы жер телімі бойынша конкурстық өтініш түспегендіктен конкурс өткізілмеді.*

**№ 5 жер телімі** Қарағанды облысы, Жезқазған қаласы, Сарыкеңгір ауылдық округі, Малшыбай ауылынан шығысқа қарай 45 км жерде 800,0 га (жайылым 796,0 га, басқа түрі –4,0 га) балл бонитеті–

*Осы жер телімі бойынша конкурстық өтініш түспегендіктен конкурс өткізілмеді.*

**№ 6 жер телімі** – Қарағанды облысы, Жезқазған қаласы, Сарыкеңгір ауылдық округі, Малшыбай ауылынан оңтүстік–шығысқа қарай 27 км жерде 1250,0 га (жайылым 1245,0 га, басқа түрі 5,0 га) балл бонитеті –

*Осы жер телімі бойынша конкурстық өтініш түспегендіктен конкурс өткізілмеді.*

**№ 7 жер телімі** – Қарағанды облысы, Жезқазған қаласы, Сарыкеңгір ауылдық округі, Малшыбай ауылынан оңтүстік–шығысқа қарай 30 км жерде 450,0 га (жайылым 450,0 га, басқа түрі 0,0 га) балл бонитеті –

*Осы жер телімі бойынша конкурстық өтініш түспегендіктен конкурс өткізілмеді.*

**№ 8 жер телімі** – Қарағанды облысы, Жезқазған қаласы, Сарыкеңгір ауылдық округі, Малшыбай ауылынан оңтүстік–шығысқа қарай 32 км жерде 3080,0 га (жайылым 3060,0 га, басқа түрі 20,0 га) балл бонитеті –

*Осы жер телімі бойынша конкурстық өтініш түспегендіктен конкурс өткізілмеді.*

**№ 9 жер телімі** – Қарағанды облысы, Жезқазған қаласы, Сарыкеңгір ауылдық округі, Малшыбай ауылынан шығысқа қарай 30 км жерде 910,0 га (жайылым 905,0 га, басқа түрі –5,0 га).

*Осы жер телімі бойынша конкурстың жеңімпазы болып* **Оспанова Айсулу Алдашовна** *белгіленсін.*

**№ 10 жер телімі** – Қарағанды облысы, Жезқазған қаласы, Сарыкеңгір ауылдық округі, Малшыбай ауылынан шығысқа қарай 35 км жерде 985,0 га (жайылым 980,0 га, басқа түрі –5,0 га) балл бонитеті –

*Осы жер телімі бойынша конкурстық өтініш түспегендіктен конкурс өткізілмеді.*

**№ 11 жер телім** – Қарағанды облысы, Жезқазған қаласы, Сарыкеңгір ауылдық округі, Малшыбай ауылынан шығысқа қарай 49 км жерде 2170,0 га (жайылым 1893,1 га, басқа түрі –276,9 га) балл бонитеті –

*Осы жер телімі бойынша конкурстық өтініш түспегендіктен конкурс өткізілмеді.*

**№ 12 жер телімі**– Қарағанды облысы, Жезқазған қаласы, Сарыкеңгір ауылдық округі, Малшыбай ауылынан солтүстік–шығысқа қарай 54 км жерде 1400,0 га (жайылым 1315 га, басқа түрі 84,8 га)

*Осы жер телімі бойынша конкурстық өтініш түспегендіктен конкурс өткізілмеді.*

**№ 13 жер телімі** – Қарағанды облысы, Жезқазған қаласы, Сарыкеңгір ауылдық округі, Малшыбай ауылынан солтүстік–шығысқа қарай 45 км жерде 2551,0 га (жайылым 2541,05 га, басқа түрі –9,95 га) балл бонитеті –

*Осы жер телімі бойынша конкурстық өтініш түспегендіктен конкурс өткізілмеді.*

**№ 14 жер телімі** – Қарағанды облысы, Жезқазған қаласы, Кеңгір ауылдық округі, Кеңгір ауылынан шығысқа қарай 95 км жерде 1030,0 га (жайылым 1028,0 га, басқа түрі 2,0 га).

*Осы жер телімі бойынша конкурстың жеңімпазы болып* **Касимбеков Алмас Ибрагимович** *белгіленсін.*

**№ 15 жер телімі** – Қарағанды облысы, Жезқазған қаласы, Кеңгір ауылдық округі, Кеңгір ауылынан солтүстік–шығысқа қарай 29 км жерде 757,0 га (жайылым 752,0 га, басқа түрі 5,0 га)

*Осы жер телімі бойынша конкурстық өтініш түспегендіктен конкурс өткізілмеді.*

**№ 16 жер телімі** – Қарағанды облысы, Жезқазған қаласы, Кеңгір ауылдық округі, Кеңгір ауылынан солтүстік-шығысқа қарай 92 км жерде 542,0 га (жайылым 541,0 га, басқа түрі 1,0 га)

*Осы жер телімі бойынша конкурстық өтініш түспегендіктен конкурс өткізілмеді.*

**№ 17 жер телімі** – Қарағанды облысы, Жезқазған қаласы, Кеңгір ауылдық округі, Кеңгір ауылынан солтүстік–шығысқа қарай 95 км жерде 658,0 га (жайылым 656,0 га, басқа түрі 2,0 га)

*Осы жер телімі бойынша конкурстық өтініш түспегендіктен конкурс өткізілмеді.*

**№ 18 жер телімі** – Қарағанды облысы, Жезқазған қаласы, Кеңгір ауылдық округі, Кеңгір ауылынан солтүстік–шығысқа қарай 82 км жерде 442,0 га (жайылым 439,0 га, басқа түрі 3,0 га)

*Осы жер телімі бойынша конкурстық өтініш түспегендіктен конкурс өткізілмеді.*

**№ 19 жер телімі** – Қарағанды облысы, Жезқазған қаласы, Кеңгір ауылдық округі, Кеңгір ауылынан солтүстік–шығысқа қарай 16 км жерде 288,6 га (жайылым 287,25 га, басқа түрі 1,35 га) .

*Осы жер телімі бойынша конкурстың жеңімпазы болып* **Усембаев Досбол Рахымович** *белгіленсін.*

**№ 20 жер телімі** – Қарағанды облысы, Жезқазған қаласы, Талап ауылдық округі, Талап ауылынан батысқа қарай 16 км жерде 73,4 га (жайылым 73,04 га, басқа түрі 0,36 га).

*Осы жер телімі бойынша конкурстың жеңімпазы болып* **Молдабеков Абунасир Советович** *белгіленсін.*

**№ 21 жер телімі** – Қарағанды облысы, Жезқазған қаласы, Жезқазған қаласы жерлері, Жезқазған қаласынан оңтүстікке қарай қарай 27,5 км жерде 2350,0 га (жайылым 2343,0 га, басқа түрі 7,0 га) .

*Осы жер телімі бойынша конкурстың жеңімпазы болып* **Садыкова Рысбике Жумадилдаевна** *белгіленсін.*

**№ 22 жер телімі** – Қарағанды облысы, Жезқазған қаласы, Жезқазған қаласы жерлері, Жезқазған қаласынан оңтүстікке қарай қарай 20,9 км жерде 1139,0 га (жайылым 1132,0 га, басқа түрі 7,0 га)

*Осы жер телімі бойынша конкурстың жеңімпазы болып* **Отыншин Сергазы Ибрагимович** *белгіленсін.*

**№ 23 жер телімі** – Қарағанды облысы, Жезқазған қаласы, Талап селолық округі, Талап селосынан 14 км оңтүстік–батысқа қарай жайылымдар – 129 га,басқа алқаптар–3 га, барлығы 132 га, бонитетінің балы – 4

*Осы жер телімі бойынша конкурстық өтініш түспегендіктен конкурс өткізілмеді.*

**№ 24 жер телімі** – Қарағанды облысы, Жезқазған қаласы, Кеңгір селолық округі, Кеңгір селосынан 53 км шығысқа қарай 493 га, (жайылымдар – 488 га, баска түрі 5,0 га. бонитетінің балы – 9

*Осы жер телімі бойынша конкурстық өтініш түспегендіктен конкурс өткізілмеді.*

**№ 25 жер телімі** – Қарағанды облысы, Жезқазған қаласы, Кеңгір селолық округі, Кеңгір селосынан солтүстік–шығысқа қарай 26 км жерде 900,0 га (жайылым 897,0 га, басқа түрі 3,0 га)

*Осы жер телімі бойынша конкурстық өтініш түспегендіктен конкурс өткізілмеді.*

**№ 26 жер телімі** – Қарағанды облысы, Жезқазған қаласы, Сарыкеңгір ауылдық округі, Малшыбай ауылынан шығысқа қарай 20 км жерде 1000,0 га (жайылым 994,0 га, басқа түрі 6,0 га)

*Осы жер телімі бойынша конкурстық өтініш түспегендіктен конкурс өткізілмеді.*

**№ 27 жер телімі–** Қарағанды облысы, Жезқазған қаласы, Кеңгір селолық округі, Кеңгір селосынан солтүстік–шығысқа қарай 34 км жерде **2900,0** га (жайылым 2886,0 га, басқа түрі 14,0 га)

*Осы жер телімі бойынша конкурстың жеңімпазы* **Байгелова Айнагуль Буркитбаевна** *болып белгіленсін.*

**№ 28 жер телімі –** Қарағанды облысы, Жезқазған қаласы, Кеңгір селолық округі, Кеңгір селосынан солтүстік–шығысқа қарай 35 км жерде 1700,0 га (жайылым 1692,0 га, басқа түрі 8,0 га) .

*Осы жер телімі бойынша конкурстың жеңімпазы болып* **Рахметов Шалкар Тургангазыевич** *белгіленсін.*

**«Жезқазған қаласының жер қатынастары бөлімі» ММ**

# МЕДИАЦИЯ ЖҰМЫСЫ – МАҢЫЗДЫ



***Қос тарап арасын татулық пен бітімге шақырып, үлкен жанжалдың алдын-алуды көздейтін медиация саласы қазақ халқына тым таңсық дей алмаймыз. Мұны кезіндегі қара қылды қақ жарып үкім шығарған би-шешендер төрелігінен де байқауға болады. Дегенмен сот жүйесіндегі медиация біздің елімізде кейінірек қолданысқа енді. АҚШ, Англия, Аустралия сынды мемлекеттер сотында XX ғасырдың екінші жартысында пайда болған бұл сала біздің елімізде 2011 жылы ғана заңды түрде пайда болды.***

Аймағымыздағы медиация саласының дамуына айтарлықтай үлесін қосып жүрген мамандардың бірі – Жұлдыз Есмурзина. Кәсіби медиатор ретінде күрмеулі де шиеленісті түрлі жайттардың оң шешім табуына негіз бола білген Жұлдыз ханымның жұмысы карантин уақытында да қызу жүрді. Қашықтан жұмыс істеу кезінде талай істің келісімді түрде жүзеге асырған ол медиация күніне орай «Бітімгершілік – бабалар сөзі» тақырыбында онлайн әңгіме өрбітіп, тұрғындар сауалына жауап берді.

– Қоғамның қай саласы да өзара түсіністік негізінде алға жылжиды. Ал оның негізгі тірегі саналатын адамдар арасындағы түсініспеушілік салдарынан дау-жанжал, ұрыс-керіс, өкпе-реніш сынды жағдайлар жиі болып тұрады. Десек те, қызбалықпен ешқандай іс шешілмесі анық. «Сабыр түбі – сары алтын» дегендей, қандай мәселеде болсын сабырлылық танытып, ашуын дер кезінде тізгіндей білген жан ғана жеңіп шығары анық. Осы тұста істі сотқа жеткізбей бір жақты етіп, көп адамның ризашылығына бөленіп жүрген медиаторлар жұмысы расында да мақтауға тұрарлық, – деген ол барша әріптестерін кәсіби мерекемен құттықтады.

Тікелей эфир барысында медиатор тұрғындардың ерлі-зайыптылар, көршілер, қызметтестер арасындағы түсініспеушіліктер туралы сұрақтарына жауап берген ол ақыл-кеңесімен бөлісті.

**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**

## Сенім телефоны

Жезқазған қаласы әкімдігінің лауазымды тұлғаларының «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңдарының және Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексінің нормаларын бұзу фактілері бойынша азаматтардың өтініш білдіруі үшін «Жезқазған қаласы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемеде **8 (7102) 73-61-35** сенім телефоны тәулік бойы жұмыс істейді.

# О Т Ч Е Т
# О СЛУШАНИЯХ ОТЧЕТА О ДЕЯТЕЛЬНОСТИ

***АО «Предприятие тепловодоснабжения» г. Жезказгана по итогам 1 полугодия 2020 года об исполнении утвержденной тарифной сметы, об исполнении утвержденной инвестиционной программы, о соблюдении показателей качества и надежности регулируемых услуг и достижении показателей эффективности деятельности субъектов естественных монополий перед потребителями и иными заинтересованными лицами***

Слушания, в установленном законодательством порядке, состоялись 2**9 июля 2020 г., в 15.00**, по адресу: **г.Жезказган, улица Омарова, дом 25**, в Больничном городке, в здании КГП Высшего медицинского колледжа г. Жезказгана, актовый зал.

На слушаниях присутствующим была представлена нижеследующая информация:

Акционерное общество «Предприятие тепловодоснабжения» оказывает следующие виды регулируемых услуг:

– услуги по передаче и распределению тепловой энергии;

– услуги по снабжению тепловой энергии;

– услуги водохозяйственной системы (подача воды (питьевой и технической) по распределительным сетям);

– услуги канализационной системы (отвод и очистка сточных вод);

– производство, передача, распределение и снабжение тепловой энергией пос. Геологический (тариф утвержден в упрощенном порядке).

АО «ПТВС» является предприятием со 100 % государственным пакетом акций в управлении.

Отапливаемая площадь жилого массива составляет около 1500 тыс м², услугами предприятия пользуются более 28 500 абонентов – население, около 1360 юридических лиц.

Финансово-хозяйственная деятельность АО «ПТВС» за полугодие 2020 год характеризуется следующими данными:

– доход от реализации услуг 2 951 млн. тенге;

– себестоимость реализованной продукции 2315 млн. тенге;

– административные расходы и расходы по реализации255 млн. тенге;

– прочие доходы 67 млн. тенге;

– прочие расходы 235 млн. тенге;

– итоговая прибыль/+/, убыток /–/ 213 млн.тенге.

(направлена на выполнение утвержденной инвестиционной программы)

### Анализ объемов предоставленных регулируемых услуг за 1 полугодие 2020 г

| Вид регулируемых услуг | Объем оказываемых услуг в натуральном выражении | | Объем оказываемых услуг в стоимостном выражении, без НДС | | Обоснование |
|---|---|---|---|---|---|
| | Утвержден в тарифной смете | Фактически за 1 полугодие | Утвержден в тарифной смете | Фактически за 1 полугодие | |
| Передача и распределение тепловой энергии | 630814 Гкал | 368083 Гкал | 1549 млн тенге | 774,7 млн тенге | Приказ ДКРЕМ по Карагандинской области №159-ОД от 22.07.2016 г. |
| Снабжение тепловой энергией | 630814 Гкал | 368083 Гкал | 1341,8 млн тенге | 670,9 млн тенге | |
| Услуги по подаче воды по распределительным сетям (питьевая вода) | 16428 тыс м³ | 7 520 тыс м³ | 1 644 млн тенге | 822,2 млн тенге | |
| Услуги по отводу и очистке сточных вод | 18876 тыс м³ | 9152 тыс м³ | 592 млн. тенге | 296 млн тенге | |
| Услуги по подаче воды по распределительным сетям (техническая – непитьевая вода) | 3116 тыс м³ | 520 тыс м³ | 107,7 млн. тенге | 16,2 млн. тенге | Приказ ДКРЕМ по Карагандинской области № 320-ОД от 23.11.2015 г. |

Тарифные сметы на регулируемые услуги утверждены исполнением на год. Для обеспечения *постатейного* исполнения тарифных смет проведены процедуры государственных закупок товаров, работ и услуг, заключены договора. Ведутся работы по реализации ремонтной и инвестиционной программы

### Информация об исполнении утвержденной на 2020 год инвестиционной программы

| Вид деятельности | Кем утверждена | Сумма утвержденной инвестиционной программы, тыс тенге без НДС | Источник инвестиций (по утвержденным тарифным сметам) | Мероприятия, выполненные в ходе реализации инвестиционной программы |
|---|---|---|---|---|
| Услуги по передаче и распределению, снабжению тепловой энергии | Утверждена Совместным Приказом ДАРЕМ по Карагандинской области от 18.09.2015 г № 243-ОД, согласована ГУ «Управление энергетики и ЖКХ по Карагандинской области» 21.10.2015 г | 502303,6 | Амортизация ОС – 201464; прибыль – 300 839,6 тыс тг | Инвестиционная программа утверждена исполнением на год. Проведены государственные закупки, заключены договора на выполнение работ и закуп материалов. Ведутся работы по реализации инвестиционной программы. В настоящее время строительно-монтажные работы о замене сетей выполняются в соответствии с графиком |
| Услуги подачи воды по распределительным сетям (питьевая вода) | | 751189,97 | Амортизация ОС – 178206; прибыль – 572 983,97 тыс тг | |
| Услуги подачи воды по распределительным сетям (техническая – непитьевая вода) | | 30374,83 | Амортизация ОС – 12406; прибыль – 17 968,83 тыс тг | |
| Услуги канализационных систем (отвод и очистка сточных вод) | | 200055,04 | Амортизация ОС – 46355; прибыль – 153 700,04 тыс тг | |
| **ИТОГО** | | **1 483 923,45** | **Амортизация ОС – 438 431; прибыль – 1 045 492,45 тыс. тг** | |

Результатом качественного выполнения инвестиционной программы служит своевременная подготовка и безаварийное прохождение отопительного сезона 2020-2021 гг., недопущение сверхнормативных потерь энергоресурсов.

Предприятие **постоянно** ведет претензионно-исковую работу с должниками, в том числе по отключению от услуг, и переписку по спорным вопросам. Необходимая информация доводится до сведения потребителей через средства массовой информации. Несмотря на предпринимаемые меры, не все потребители выполняют обязанности по своевременной оплате за потребленные услуги, нарушая норму Закона Республики Казахстан «О естественных монополиях».

Качество предоставляемых услуг соответствует санитарным нормам и правилам.

На 2016-2020 годы для АО «ПТВС» Приказом ДКРЕМ по Карагандинской области утверждены предельные уровни тарифов на услуги по передаче и распределению, снабжению тепловой энергией, услуги по подаче воды (питьевой и технической) по распределительным сетям, услуги по отводу сточных вод. Приказом утверждены предельные уровни тарифов на каждый год отдельно. Информация была опубликована в местных СМИ.

С 1 апреля 2020 год АО «ПТВС» добровольно снизило уровень утвержденного тарифа на услуги подачи воды по распределительным сетям до истечения срока его действия на 17%.

Тарифы для населения на 2020 год на остальные виды оказываемых услуг не превышают уровень тарифов 2019 года.

Активное участие в слушаниях приняли потребители, озвученные проблемы будут рассмотрены и замечания приняты к сведению.

**АО «ПТВС»**

# ҚАҒИДАҒА ӨЗГЕРІС ЕНДІ

***Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрі С. Омаровтың 26.05.2020 жылғы № 186 бұйрығымен «Қазақстан Республикасының аумағын карантиндік объектілерден және бөтен текті түрлерден қорғау жөніндегі» Қағидаға өзгеріс енгізілді.***

Қағиданың негізгі талаптары өсімдіктер карантині жөніндегі іс-шараларды жүргізу Қазақстан Республикасының аумағын карантиндік объектілерден қорғауға, оларды анықтауға, оқшаулауға және жоюға, залалданған карантинге жатқызылған өнімді залалсыздандыруға, техникалық қайта өңдеуге, тазалауға және жоюға, үй-жайлар мен көлік құралдарын залалсыздандыруға және тазалауға, карантинге жатқызылған өнімді қайтаруға, өсімдіктер карантині саласындағы заңнаманың сақталуын бақылау мен қадағалауды жүзеге асыруға бағытталған.

Карантинге жатқызылған өнімдер: ағаш материалдары, ағаштан жасалынған жүктер, тауарлар және өсімдіктер, өсімдіктен алынатын өнім, ыдыс, орам, жүктер, топырақ, организмдер немесе материалдар жатады.

Карантинге жатқызылған өнімді Қазақстан Республикасына әкелу, Қазақстан Республикасының аумағы бойынша транзиттің басталуы мен аяқталуы фитосанитариялық бақылау бекеттері арқылы ғана жүзеге асырылады. Фитосанитариялық бақылау бекеттерінде әкелінетін, әкетілетін және транзиттік карантинге жатқызылған өнімге бастапқы карантиндік фитосанитариялық бақылау және қадағалау жүргізіледі. Карантинге жатқызылған өнімнің межелі пункттерінде қайталама карантиндік фитосанитариялық бақылау қадағалау жүргізіледі. Өнімнің иеленушісі өнімнің келгені туралы кез келген қолжетімді әдіспен хабардар етеді және келген күннен кейінгі 1 (бір) жұмыс күнінен кешіктірмей жеткізу, межелі орнында карантиндік фитосанитариялық бақылау және қадағалауды жүзеге асыру үшін карантинге жатқызылған өнімді көрсетеді.

Қажет болған жағдайда, карантиндік фитосанитариялық бақылау және қадағалау жүргізу кезінде карантинге жатқызылған өнімнің аумағы мен шыққан жерінің, межелі пунктінің, сондай-ақ карантиндік объектілерден және бөтен текті түрлерден таза немесе олардың таралуы шектеулі аймақтардың, орындардың, өндіріс учаскелерінің фитосанитариялық сипаттамасы ескеріле отырып, карантиндік фитосанитариялық сараптама және зертханалық сараптама жүргізу үшін үлгілер іріктеледі.

Қазақстан Республикасына карантинге жатқызылған өнімдерді әкелу (импорт), сондай-ақ оның транзиті карантинге жатқызылған өнімдердің әрбір топтамасына берілген жөнелтуші елдің ұлттық карантиндік қызметінің фитосанитариялық сертификаттары бар болғанда жүзеге асырылады. Фитосанитариялық сертификат немесе оны беруден уәжді бас тарту өтініш берілген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде қағаз нысанда ресімделеді. Фитосанитариялық сертификат өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспектордың жеке қолы мен мөрі қойылып беріледі және куәландырылады.

Карантинге жатқызылған өнімді облысаралық тасымалдау, карантинге жататын өнім тиеп-жөнелтілетін жердегі аумақтық органдардың өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторлары беретін карантиндік сертификаттары бар болғанда жүзеге асырылады. Карантиндік сертификат немесе оны беруден уәжді бас тарту 1(бір) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде ресімделеді. Карантиндік сертификат өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспектордың электрондық цирфлық қолтаңбасымен куәландырылған электрондық құжат нысанында беріледі.

Қазақстан Республикасының аумағын карантиндік объектілерден және бөтен текті түрлерден қорғау, карантинге жатқызылған өнімді әкелу, өнімді шығару кезіндегі қойылатын бірыңғай карантиндік фитосанитариялық талаптардың шарттарын орындау, мемлекетішілік тасымалдау кезіндегі қорғау жұмыстары болып табылады.

Сонымен қатар, бұл Қағидада жеке және заңды тұлғалардың карантиндік фитосанитариялық шараларды жүргізуі, жергілікті атқарушы органдардың карантиндік шараларды жүргізуі, карантиндік объектілерді анықтау бойынша жүргізілетін іс-шаралардың талаптары көрсетілген.

**Мадина ҚОҢЫРҚҰЛЖИНОВА,**
**ҚР АШМ АӨК МИК Жезқазған қалалық аумақтық инспекциясы мемлекеттік мекемесінің бас маман өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторы**

# БЖЗҚ ЖАНЫНДАҒЫ ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕС ҚОР ЖҰМЫСЫНА БАҒА БЕРДІ

***Эпидемиологиялық жағдайға және коронавирустық инфекциямен (COVID-19) сырқаттану деректерінің көбеюіне байланысты БЖЗҚ жанындағы Қоғамдық кеңестің кезекті, он төртінші отырысы онлайн түрде өткізілді.***

Кеңес отырысын оның төрағасы Евгений Сейпульник ашты. Ол Василина Атоянц, Алексей Байтеев, Анна Видянова мен Қуат Домбайдың Кеңес құрамынан өз еріктерімен шыққанын хабарлады. Үш жаңа үміткер ұсынылды. Олар: «Қазақстан сарапшы РА» рейтингтік агенттігінің бас директоры Әділ Мамажанов, «АЛМЭКС» холдинг тобы» акционерлік қоғамы Басқарма төрағасының орынбасары Жомарт Нұрабаев, тәуелсіз экономист Айдархан Құсайынов. Үшеуі де бірауыздан Қоғамдық кеңес құрамына қабылданды.

Одан соң «БЖЗҚ» АҚ қызметі туралы 2020 жылдың 1 маусымына жасалған егжей-тегжейлі есеп ұсынылды.

БЖЗҚ-дағы шоттардың жалпы саны 10,9 миллионға жетті, ол жұмыспен қамтылған халық санынан 8,8 миллион адамға артық. Бұл БЖЗҚ-да зейнетақы жарналарын тұрақты түрде аударып отыратын жұмыс істейтін азаматтардың ғана емес, сондай-ақ зейнеткерлікке шыққан алушылардың, мемлекеттік зейнетақымен қамсыздандыруға ауыстырылған әскери қызметшілердің, сондай-ақ жұмыспен қамтылған халық санатына жатпайтын өзге де азаматтардың да жинақтары бар екендігінің айғағы.

Зейнетақы жинақтары 2020 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша 11,7 трлн теңгені құрады. 2020 жылдың басынан бергі өсім жарналар түсімі (428 млрд теңге) мен таза инвестициялық табыс (499 млрд теңге) есебінен болды.

Салымшылардың 70%-ға жуығының 1 млн теңгеге дейін және 91%-ның 3 млн теңгеге дейін жинағы бар. Бұл жинақтаушы зейнетақы жүйесіне қатысу өтілінің аздығына байланысты: салымшылардың 53%-ы жарналарды 5 жылға дейін және 75%-ы 10 жылға дейін тұрақты түрде аударып отырған. Ал 20 жылдан астам жарна аудару өтілі бар салымшылардың орташа жинақтары 4,9 млн теңгені құрады, оның ішінде ерлер арасында – 5,5 млн теңге, әйелдер арасында – 4,1 млн теңге.

Сондай-ақ жинақ деңгейі халықтың жарналар аударылатын еңбек табысының деңгейін көрсетеді: 2019 жылы салымшылардың 53% өз кірісінен 4 ең төменгі күнкөріс деңгейіне дейін (ЕТК) жарналар аударып отырған (2019 жылы 1 ЕТК 29 698 теңгені құрады). Табысы орташадан төмен салымшылар жарналар аудару тұрақтылығының төмендеу деңгейімен ерекшеленеді. Бұл ретте барлық салымшылардың жарналар аударуының орташа тұрақтылығы – жылына шамамен 8,13 жарна.

Жеке зейнетақы шоттарын (ЖЗШ) ашудың едәуір өсуі 2020 жылдың сәуір айына келді. Осы айда 954 952 жаңа шот ашылды, оның ішінде 941 425 шотты бірыңғай жиынтық төлемді (бұдан әрі - БЖТ) алғаш рет төлеушілер ашты. 2020 жылдың сәуір айында 2,98 млн БЖТ төлеуші жалпы сомасы 1,7 млрд теңге болатын 3,02 млн-ға жуық БЖТ жарнасын аударды. Бұл ретте, БЖТ төлеушілердің 56%-ы ауылдық жердің, ал 44%-ы қалалық жердің тұрғындары болды.

Белсенді салымшылар саны жыл сайын артуда. 2019 жылы 6,5 миллионнан аса салымшы зейнетақы шотын үнемі толықтырып отырған. Олардың 66% өз шотын жылына 9-12 рет толықтырып отырады, 22% салымшы жылына 1-5 рет, 12% салымшы жылына 6-8 рет жарна аударады екен.

Тұтастай алғанда, жинақтаушы зейнетақы жүйесі елдегі экономикалық ахуалдың және еңбек нарығы дамуының «айнасы» іспеттес.

Сондай-ақ, комиссиялық сыйақыны төмендету және БЖЗҚ шығыстарын оңтайландыру бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы ақпарат ұсынылды. БЖЗҚ комиссияларының мөлшерін жыл сайын Ұлттық Банк Басқармасы айқындайды. 2020 жылға белгіленген комиссия мөлшері инвестициялық табыстың 5%-нан 2%-ға дейін және зейнетақы активтерінен айына 0,015%-дан 0,011%-ға дейін айтарлықтай төмендеді. Соңғы жылдары қызметкерлердің қысқаруы (25%-дан аса), бизнес-үдерістерді оңтайландыру және автоматтандыру, қызметтерді цифрландыру есебінен БЖЗҚ шығыстары 1 млрд теңгеден астам сомаға төмендетілді. Бұл жұмыс 2020 жылы да белсенді түрде жалғасатын болады. Сондай-ақ, БЖЗҚ халықаралық тәжірибені ескере отырып, комиссиялық сыйақы мәселелерін заңнамалық реттеу бойынша ұсыныстар енгізді. Олар іске асырылатын болса, БЖЗҚ-ның кірістері мен шығыстары салымшылардың мүддесі үшін айтарлықтай төмендейді.

Ұлттық банктің Монетарлық операциялар департаменті директорының орынбасары Нұржан Нұрғазин зейнетақы активтері бойынша 2020 жылғы бірінші жартыжылдықтағы инвестициялық кіріс туралы ақпаратты ұсынды. Жыл басынан бері (маусымды есепке алғанда) салымшылардың жалпы инвестициялық табысы 566 млрд теңгені құрады, оның 66% - ы (390 млрд теңге) - қаржы құралдары бойынша сыйақы түрінде алынған.

Барлық зейнетақы активтерін БЖЗҚ-ға шоғырландыру аяқталған сәттен (2014 жылғы сәуір) басталған өткен кезең ішінде зейнетақы активтері 4,0 трлн теңгеден 11,8 трлн теңгеге дейін өсті, зейнетақы активтерінің валюталық үлесі 17,4%-дан 33,0%-ға дейін, шетелдік активтердің үлесі 6,1%-дан 23,1%- ға дейін артты.

Активтердің үштен бір бөлігі шетел валютасындағы инвестициялардан (негізінен АҚШ долларымен) тұратын болғандықтан, 2020 жылғы наурызда бағамдық айырма нәтижесінде елеулі кірістер алынды. Теңгенің нығаюы есебінен сәуір мен мамыр айларында табыстың төмендеуіне қарамастан, 2020 жылдың басынан бастап тұрақты оң кірістілік қамтамасыз етілді. Зейнетақы активтері – «ұзақмерзімді» инвестициялар және басқару нәтижесін дамыған елдердегідей кем дегенде үш жылдық жұмыс қорытындысы бойынша бағалаған жөн екендігі баса айтылды.

Зейнетақы активтерінің нақты оң кірістілігін ерекше атап өткен Нұрғазин 2020 жылдың бірінші жартыжылдығындағы инфляция 4,20% кезінде кірістілік 4,97%-ды құрағанын және оң болып қалатынын айтты. 2014 жылдан бастап алты жыл ішінде жинақталған инфляция 64% болғанда жинақталған кірістілік 78%-ды құрады, осылайша кірістілік инфляциядан 14%-ға артық көрсеткішке ие.

«БЖЗҚ» АҚ Басқарма төрағасы Жанат Құрманов барлық зейнетақы жинақтарын банк депозиттеріне аудару туралы айтылған пікірге қысқаша түсініктеме берді. Ол зейнетақы қорлары мен банктер – әртүрлі қаржы институттары екенін атап өтті. Зейнетақы активтерін тек депозиттерге орналастыру – халықаралық тәжірибеге сәйкес келмейді. Бүкіл әлемде зейнетақы қорлары инвестициялық табыс алу үшін депозиттердің өзін қоса алғанда, әлдеқайда көп құралдарға ие. Басқару стратегиясына байланысты зейнетақы активтері қор нарығындағы облигацияларға және акцияларға, әртүрлі валюталардағы қаржы құралдарына, бүкіл әлем бойынша экономиканың түрлі секторлары эмитенттерінің бағалы қағаздарына инвестицияланады. Инвестицияларды әртараптандыру есебінен кірістілік пен сенімділік қамтамасыз етіледі. Дамыған экономикалардағы коммерциялық банктер депозиттерінің кірістілігі бағалы қағаздар нарығындағы кірістіліктен тарихи тұрғыда төмен. Сондықтан келешекте Қазақстандағы инвестициялау тиімділігі бағалы қағаздар нарығындағы инвестициялар, басқарушы компаниялардың бәсекелестік нарығын институционалдық қалыптастыру есебінен өсуге тиіс. Бұл ретте кез келген елдің зейнетақы активтері, әдетте, қор нарығы арқылы отандық экономиканы қорландыру көзі болып табылады.

БЖЗҚ-ның Жұртшылықпен байланыс департаменті БАҚ-пен байланыс бөлімінің бастығы Марина Ақмаева БЖЗҚ-ның ақпараттық-түсіндіру жұмысы және 2019 жылдың қорытындысы бойынша тәуелсіз әлеуметтік зерттеу нәтижелері туралы баяндап берді. 2019 жылы халықтың жинақтаушы зейнетақы жүйесі туралы білім деңгейі көтерілді. Қаржылық сауаттылықтың базалық деңгейі 63,4%-ды құрады (алдыңғы 2018 жылғы көрсеткіш 60,2%-ға тең). Қаржылық сауаттылықтың ілгері деңгейі 26,9% құрады (2018 жылы 25,3%).

Репрезентативті зерттеу барысында салымшылармен байланыс арналарына талдау жүргізілді. Респонденттер үшін жинақтаушы зейнетақы жүйесі туралы ақпараттың негізгі көзі БЖЗҚ ресми сайты (29%), БЖЗҚ өңірлік кеңселері (23,8%), ENPF ұялы қосымшасы (9,2%), БЖЗҚ-ның байланыс орталығы (4%) болып табылады. Нәтижесінде ақпаратты БЖЗҚ-дан тікелей алуды қалайтын қазақстандықтардың саны жыл сайын артып келеді (66%).

Отырыс соңында Қоғамдық кеңес мүшелері нарықтағы тұрақсыздыққа қарамастан, Ұлттық Банк зейнетақы активтерін сенімді басқарып отырғанын, БЖЗҚ тұрақты және ашық жұмыс істеп жатқанын, БЖЗҚ қызметкерлері салымшылардың зейнетақы жинақтары туралы ақпаратқа қол жетімділігін және зейнетақы қызметтерінің сапасын «24/7» режимінде қамтамасыз етіп отырғанын атап өтті, бұл қорға және зейнетақы жүйесіне деген сенімділікті қолдауға ықпал етеді.

**«БЖЗҚ» АҚ-ның баспасөз орталығы**

# ЖЕР УЧАСКЕСІН НЕМЕСЕ ЖЕР УЧАСКЕСІН ЖАЛДАУ ҚҰҚЫҒЫН САТУ БОЙЫНША САУДА-САТТЫҚ (АУКЦИОН) ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАНДЫРУ

***Құрметті сауда-саттыққа әлеуетті қатысушылар! «Жезқазған қаласының жер қатынастары бөлімі» ММ 2020 жылдың 18 тамызда сағат 10:00-де мемлекеттік мүлік пізілімінің веб-порталында бағаны көтеру әдісімен жер учаскесін немесе жер учаскесін жалдау құқығын сату бойынша электрондық аукцион өткізілетіндігі туралы хабарлайды.* www.gosreestr.kz *(бұдан әрі – Портал) арқылы жүзеге асырылады.***

Аукционға қатысуға өтінімдерді беру «Жекешелендіру объектілерін сату қағидасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 9 тамыздағы № 920 қаулысына және «Жер учаскесін немесе жер учаскесін жалдау құқығын сату жөніндегі Сауда-саттықты (конкурстарды, аукциондарды) ұйымдастыру және өткізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 31 наурыздағы № 290 бұйрығына сәйкес жүзеге асырылады.

Аукционға қатысуға өтінімдерді беру және тіркеу тізілім веб-порталында аукцион өткізу туралы хабарландыру жарияланған күннен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде жүзеге асырылады және аукцион басталғанға дейін екі сағат бұрын аяқталады, ол өткеннен кейін қатысушылар берілген өтінімді кері қайтарып ала алмайды.

Аукционға қатысу үшін көрсетілген тізілімнің веб-порталында алдын ала тіркелу қажет:

1) жеке тұлғалар үшін: жеке сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – ЖСН), тегі, аты және әкесінің аты (болған жағдайда);

2) заңды тұлғалар үшін: бизнестің сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – БСН), бірінші басшының Т.А.Ә., тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда);

3) кепілдік жарнасын қайтару үшін екінші деңгейдегі банктегі ағымдағы шоттың деректемелері;

4) байланыс ақпараты (поштаның мекенжайы, телефон, факс, электрондық пошта).

Аукционға қатысушы ретінде тіркелу үшін қатысушының ЭЦҚ-мен қол қойылған қатысуға өтінімді тізілімнің веб-порталында тіркеу қажет.

**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!** Тізілімнің веб-порталының өтінімді қабылдаудан бас тартуының негізі болып қатысушының хабарламада көрсетілген талаптарды сақтамауы, сондай-ақ тендер туралы хабарламада көрсетілген кепілдік жарнаның аукцион басталғанға дейін екі сағат бұрын түспеуі болып табылады.

Автоматты тексерудің нәтижелері бойынша тізілімнің веб-порталы өтінімнің қабылданғаны туралы немесе өтінімді қабылдаудан бас тарту себептері туралы тізілім веб-порталында көрсетілген қатысушының электрондық поштасына электрондық хабарлама жібереді.

Аукционға жіберілген қатысушыға тізілімнің веб-порталы беретін аукцион нөмірі бойынша аукцион залына рұқсат беріледі.

Аукционға қатысушылар аукцион басталғанға дейін бір сағат ішінде ЭЦҚ мен аукциондық нөмірді пайдалана отырып, аукциондық залға кіреді. Аукцион сату объектісінің бастапқы бағасын аукцион залында автоматты түрде орналастыру жолымен Нұрсұлтан қаласының сауда-саттығын өткізу туралы хабарламада көрсетілген уақытта басталады.

Әрбір сатылған сату объектісі бойынша аукцион нәтижелері аукцион нәтижелері туралы электрондық хаттамамен ресімделеді, оған сатушы мен жеңімпаз сауда-саттық өткізілген күні ЭЦҚ пайдалана отырып, тізілімнің веб-порталында қол қояды.

Аукцион нәтижелері туралы хаттама аукцион нәтижелерін және жеңімпаз мен сатушының сату бағасы бойынша сату объектісін сатып алу-сату шартына қол қою міндеттемелерін белгілейтін құжат болып табылады.

Сатып алу-сату шарты немесе жалға алу шарты тізілімнің веб-порталында электрондық форматта жасалады және сауда-саттық нәтижелері туралы хаттамаға қол қойылған күннен бастап он күнтізбелік күннен аспайтын мерзімде ЭЦҚ пайдалана отырып сатушы мен сатып алушы қол қояды. Бұл ретте сатушы сатып алушыға сатып алу-сату шартының жобасын сауда-саттық нәтижелері туралы хаттамаға қол қойылған күннен бастап бес күнтізбелік күннен аспайтын мерзімде қол қоюға ұсынады.

Аукционға қатысу үшін кепілдік жарналар мемлекеттік мүлікті есепке алу саласындағы бірыңғай оператордың деректемелеріне енгізіледі:

Төлем алушы: «Ақпараттық-есептеу орталығы» АҚ БСН: 050540004455; ТТК: 171; Кбе: 16.

«Қазақстан Халық банкі» АҚ есеп айырысу шоты (IBAN/ЖСК): KZ946017111000000330, БИК: HSBKKZKX

**НАЗАР аударыңыз!** Сауда-саттық нәтижелері туралы хаттамаға не сатып алу-сату шартына қол қойылмаған жағдайда, кепілдік жарна жеңімпазға қайтарылмайды.

Қалған барлық жағдайларда кепілдік жарналар тізілім веб-порталында қатысушының ЭЦҚ қойылған аукционға қатысушыдан бірыңғай операторға өтініш берген күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде қайтарылады.

Бағаны көтеру әдісін қолдана отырып аукционға келесі сату объектілері қойылады:

**№ 00015 жер учаскесі, Жезқазған қаласы, шығыс айналма жолы, қалалық жағажай мекенжайында** орналасқан, кіші және орта бизнес нысандар орналастыру үшін (жағажай, демалыс аймағы). Жер учаскесінің ауданы 0,2000 га. (5 жыл) уақытша жер пайдалану құқығы. Шектеулер мен тыйым салу көрсетілмеген. Жыл сайынғы жалдау төлемі/налог 29 520,0 теңге. Бастапқы бағасы 361 920,0 теңге. Кепілдік жарнаның сомасы 138900,0 теңге;

**№ 00016 жер учаскесі, Жезқазған қаласы, Талап ауылы, аялдама аумағы мекенжайында** орналасқан, кіші және орта бизнес нысандар құрылысы үшін (кемпинг, шайхана). Жер учаскесінің ауданы 1,0000 га. (5 жыл) уақытша жер пайдалану құқығы. Шектеулер мен тыйым салу көрсетілмеген. Жыл сайынғы жалдау төлемі/налог 5 760,0 теңге. Бастапқы бағасы 198 400,0 теңге. Кепілдік жарнаның сомасы 138900,0 теңге;

**№ 00017 жер учаскесі, Жезқазған қаласы, Кенгір ауылы, бұрынғы әскери бөлім аумағы мекенжайында** орналасқан, кіші және орта бизнес нысандар құрылысы үшін (ипподром). Жер учаскесінің ауданы 5,0000 га. (5 жыл) уақытша жер пайдалану құқығы. Шектеулер мен тыйым салу көрсетілмеген. Жыл сайынғы жалдау төлемі/налог 28 800,0 теңге. Бастапқы бағасы 992 000,0 теңге. Кепілдік жарнаның сомасы 138900,0 теңге;

**№ 00018 жер учаскесі, Жезқазған қаласы, Нұрпейісова көшесі, 46 учаскесі мекенжайында** орналасқан, жеке тұрғын үй құрылысы үшін. Жер учаскесінің ауданы 0,1000 га. Шектеулер мен тыйым салу көрсетілмеген. Жеке меншік құқығы. Жыл сайынғы жалдау төлемі/налог 11 808,0 теңге. Бастапқы бағасы 1 508 000,0 теңге. Кепілдік жарнаның сомасы 138900,0 теңге;

**№ 00019 жер учаскесі, Жезқазған қаласы, Белинский көшесі, 30 учаскесі мекенжайында** орналасқан, жеке тұрғын үй құрылысы үшін. Жер учаскесінің ауданы 0,0871 га. Шектеулер мен тыйым салу көрсетілмеген. Жеке меншік құқығы. Жыл сайынғы жалдау төлемі/налог 10 285,0 теңге. Бастапқы бағасы 1 313 468,0 теңге. Кепілдік жарнаның сомасы 138900,0 теңге;

**№ 00020 жер учаскесі, Жезқазған қаласы, Ұлытау көшесі, бұрынғы тоқыма фабрика аумағы мекенжайында** орналасқан, кіші және орта бизнес нысандар құрылысы үшін (автокешен, СТО). Жер учаскесінің ауданы 0,0360 га. (5 жыл) уақытша жер пайдалану құқығы. Шектеулер мен тыйым салу көрсетілмеген. Жыл сайынғы жалдау төлемі/налог 4 605,0 теңге. Бастапқы бағасы 59 717,0 теңге. Кепілдік жарнаның сомасы 138900,0 теңге;

**№ 00021 жер учаскесі, Жезқазған қаласы, Сарыарқа көшесі, «Шина.КЗ» дүкені аумағы мекенжайында** орналасқан, кіші және орта бизнес нысандар құрылысы үшін (автокешен, СТО). Жер учаскесінің ауданы 0,0240 га. (5 жыл) уақытша жер пайдалану құқығы. Шектеулер мен тыйым салу көрсетілмеген. Жыл сайынғы жалдау төлемі/налог 3 070,0 теңге. Бастапқы бағасы 36 192,0 теңге. Кепілдік жарнаның сомасы 138900,0 теңге;

**№ 00022 жер учаскесі, Жезқазған қаласы, Аманжолов көшесі, 24 ғимарат аумағы мекенжайында** орналасқан, жеке гараж құрылысы үшін. Жер учаскесінің ауданы 0,0024 га. Шектеулер мен тыйым салу көрсетілмеген. Жеке меншік құқығы. Жыл сайынғы жалдау төлемі/налог 256,0 теңге. Бастапқы бағасы 39 811,0 теңге. Кепілдік жарнаның сомасы 138900,0 теңге;

**№ 00023 жер учаскесі, Жезқазған қаласы, Аманжолов көшесі, 24 ғимарат аумағы мекенжайында** орналасқан, жеке гараж құрылысы үшін. Жер учаскесінің ауданы 0,0024 га. Шектеулер мен тыйым салу көрсетілмеген. Жеке меншік құқығы. Жыл сайынғы жалдау төлемі/налог 256,0 теңге. Бастапқы бағасы 39 811,0 теңге. Кепілдік жарнаның сомасы 138900,0 теңге;

**№ 00024 жер учаскесі, Жезқазған қаласы, Бейбітшілік даңғылы, 20 үй аумағы мекенжайында орналасқан**, етік жөндеу шеберхана орнату және күтіп-ұстау үшін. Жер учаскесінің ауданы 0,0009 га. (5 жыл) уақытша жер пайдалану құқығы. Шектеулер мен тыйым салу көрсетілмеген. Жыл сайынғы жалдау төлемі/налог 133,0 теңге. Бастапқы бағасы 1 629,0 теңге. Кепілдік жарнаның сомасы 138900,0 теңге;

**№ 00025 жер учаскесі, Жезқазған қаласы, Аварийный кенті аумағы мекенжайында** орналасқан, кіші және орта бизнес нысандар құрылысы үшін (жанармай құю станциясы, газ толтыру бекеті). Жер учаскесінің ауданы 0,1851 га. (5 жыл) уақытша жер пайдалану құқығы. Шектеулер мен тыйым салу көрсетілмеген. Жыл сайынғы жалдау төлемі/налог 106 247,0 теңге. Бастапқы бағасы 167 478,0 теңге. Кепілдік жарнаның сомасы 138900,0 теңге;

**№ 00026 жер учаскесі, Жезқазған қаласы, Кеңгір ауылы аумағы мекенжайында** орналасқан, кіші және орта бизнес нысандар құрылысы үшін (жанармай құю станциясы, газ толтыру бекеті). Жер учаскесінің ауданы 0,1709 га. (5 жыл) уақытша жер пайдалану құқығы. Шектеулер мен тыйым салу көрсетілмеген. Жыл сайынғы жалдау төлемі/налог 98 097,0 теңге. Бастапқы бағасы 206 174,0 теңге. Кепілдік жарнаның сомасы 138900,0 теңге;

**№ 00005 жер учаскесі, Жезқазған қаласы, Қайнар көшесі мекенжайында** орналасқан, кіші және орта бизнес нысандар құрылысы үшін (темір жол тұйығы). Жер учаскесінің ауданы 1,4875 га. (5 жыл) уақытша жер пайдалану құқығы. Шектеулер мен тыйым салу көрсетілмеген. Жыл сайынғы жалдау төлемі/налог 102459,0 теңге. Бастапқы бағасы 1 794520,0 теңге. Кепілдік жарнаның сомасы 138900,0 теңге;

**№ 00010 жер учаскесі, Жезқазған қаласы, Қаражар көшесі мекенжайында** орналасқан, кіші және орта бизнес нысандар құрылысы үшін (АБЗ, өндірістік база, қойма). Жер учаскесінің ауданы 3,0311 га. (5 жыл) уақытша жер пайдалану құқығы. Шектеулер мен тыйым салу көрсетілмеген. Жыл сайынғы жалдау төлемі/налог 357912,0 теңге. Бастапқы бағасы 4570899,0 теңге. Кепілдік жарнаның сомасы 228545,0 теңге;

**№ 00014 жер учаскесі, Жезқазған қаласы, Әуезов көшесі, соңғы аялдама аумағында** орналасқан, кіші және орта бизнес нысандар құрылысы үшін (дүкен, сұлулық салоны). Жер учаскесінің ауданы 0,0144 га. (5 жыл) уақытша жер пайдалану құқығы. Шектеулер мен тыйым салу көрсетілмеген. Жыл сайынғы жалдау төлемі/налог 1700,0 теңге. Бастапқы бағасы 21715,0 теңге. Кепілдік жарнаның сомасы 138900,0 теңге;

**№ 00027 жер учаскесі, Жезқазған қаласы, Оңтүстік өнеркәсіп аймағы, Степная көшесі мекенжайында** орналасқан, кіші және орта бизнес нысандар құрылысы үшін (автокешен, СТО). Жер учаскесінің ауданы 0,1500 га. (5 жыл) уақытша жер пайдалану құқығы. Шектеулер мен тыйым салу көрсетілмеген.Жыл сайынғы жалдау төлемі/налог 10332,0 теңге. Бастапқы бағасы 180 960,0 теңге. Кепілдік жарнаның сомасы 138900,0 теңге.

**№ 00028 жер учаскесі, Жезқазған қаласы, Қаражар көшесі мекенжайында** орналасқан, кіші және орта бизнес нысандар құрылысы үшін (ескерткіш жасау цехы). Жер учаскесінің ауданы 0,1500 га. (5 жыл) уақытша жер пайдалану құқығы. Шектеулер мен тыйым салу көрсетілмеген. Жыл сайынғы жалдау төлемі/налог 10332,0 теңге. Бастапқы бағасы 180 960,0 теңге. Кепілдік жарнаның сомасы 138900,0 теңге.

Анықтама үшін телефон: **87102733012**

**Ұйымдастырушы: «Жезқазған қаласының жер қатынастары бөлімі» ММ**

САҚТАНСАҢ, САҚТАЙДЫ!

# ДАЛА ӨРТІ – ҚАУІПТІ

***Дала өрті – адам ырқына көнбейтін, аса қауіпті тілсіз жау. Мұндай өрттің жылдамдығы орман өртінен бірнеше есе күштірек болады.***

Өрт жаздың тамызы мен күздің қыркүйек айларында жиілейді. Осы кезде көбінесе күн қатты ысып, құрғақшылық белең алады. Әбден қураған өсімдіктерге шамалы ұшқынның өзі жеткілікті. Қас-қағым сәтте ұшқыннан пайда болған жалын егісті шарпып кетеді.

Бірақ, маусым айының басынан тұрған жоғарғы ауа температура (35-43С) және жауынның (жаңбыр) болмауына байланысты Жезқазған қаласы мен оған қарасты елді-мекендерінің аумақтарында жалпы аумағы 20 га құрайтың 1 дала өрт оқиғасы тіркелді. Дала өрт оқиғасы тиесілі елді-мекеннің ерікті өрт сөндіру құрылымдары мен Жезқазған гарнизонының өрт сөндіру бөлімі қызметкерлерінің күштері мен құралдары жұмылдырылды. Жұмылдырылған күштердің жедел және білікті іс-әрекеті нәтижесінде дала алқабында орын алған өрттердің кеңірек таралуына және одан туындайтын шығындарға жол берілмеді.

Дала өртінің шығуына сөзсіз адами фактор себепші. Бейберекет өшірілмей тасталған темекінің тұқылы, сіріңке, демалыс кезінде от жағып сөндірмей кету, тіпті қарапайым өрт қауіпсіздік ережелерің білмегеннің өзі өрттің шығуына алып келеді.

Кейде күн күркіреген кезде өрт шығып жатады. Мұны өрт сөндірушілер табиғи себептерге балайды. Өрт шығуының мұндай түрі екінші орында тұр.

